

МӘЖІЛІС МӘН
БЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕР

Қай фракция
қарқынды жұмыс
істеді?

3

ЭКОНОМИКА

УТИЛЬАЛЫМ ЖЫРЫ

автоиндустрияны
жандандыра ала ма?

5

МӘСЕЛЕ

ИМАН – КИІММЕН
ӨЛШЕНБЕЙДІ

8

ФОРУМ

АЛМАТЫ ЖАҒАНДЫҚ БИЗНЕС ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛАДЫ


Алматы қаласында алғаш рет
«New Vision: Бизнес күші»
жағандық бизнес-форумы өтті.
Іс-шара аясында еліміздің
оңтүстік астанасына отандық
және шетелдік бизнес-
көшбасшылары, көрнекті саяси
қайраткерлер жиналды.

Досбол
АТАЖАН

Халықаралық форумға интернет новатор Джефф Хоффман, Virgin Group негізін қалаушысы Ричард Брэнсон, жетістік психологиясы саласындағы әлемдік сарапшы Брайан Трейси және басқа да бизнесмендер, инвесторлар қатысты. Іс-шара барысында жасанды интеллект дәуіріндегі жағандық бизнес пен нарықтағы өзгерістер және өзге де тақырыптар қозғалды. Форумның ашылу салтанатында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Шаһар басшысының сөзінен кейін Республика сарайында жағандық кәсіпкерлердің қатысуымен әртүрлі тақырыпта панельдік сессиялар өтті.

Ал форумның екінші күні танымал қазақстандық әнші Димаш Құдайберген шығармашылық жоспарымен бөлісіп, әйгілі хиттерін орындады.

«Алдағы жылдары үлкен жобаларды қолға аламын. Мен қазір мүмкіндіктерімді тиімді пайдаланғым келеді. Халықаралық аренаға қазақтың ұл-қыздарын шығарсам



деймін. Барынша қолдап, жол сілтеп, мықты менеджерлермен таныстырып, үлкен агенттерге көрсетіп, жол салып бергім келеді. Менің де дәуренім өтпелі. Бұл күн бүгін бар, ертең жоқ. Сондықтан қазаққа қазақтың мүддесі үшін пайдамды тигізе алсам одан басқа

менің арманым жоқ. Мен 5 жасымнан бастап музыкадан дәріс алып келе жатырмын. Биыл докторлық дәрежемі қорғаймын. Жинаған тәжірибемді үлкен әнші болуды армандап жүрген жас жеткіншектермен бөліскім келеді», – деді Димаш Құдайберген.

Астанада өткелі
тұрған Шанхай
Ынтымақтастық
Ұйымының
(ШЫҰ) саммиті
елімізде және
аймақта осы
аптадағы ең елеулі
оқиға болмақ. Бұл
халықаралық
жиын ұйымға
мүше мемлекеттер
басшылары
кеңесінің 24-ші
отырысы
саналады. Әрі осы
жиында
Қазақстан өзінің
ұйымға
төрағалығын
абыроймен өткізіп
бергелі отыр. Олай
болса, алдағы
саммиттің нақты
мақсаты не?
Құбылмалы
жағандық
геосаяси жағдайда
ШЫҰ-ның
маңызы қандай?

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

2.07.2024

Түнде:
+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:
+24+26 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай, бұршақ.

Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 18м/с

3.07.2024

Түнде:
+15+17 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:
+26+28 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
3-8, м/с

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

СЫРТҚЫ САЯСАТ

АСТАНА АЛАҢЫ:

Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммитінде қауіпсіздіктің жаңа парадигмасы ұсынылады

(Басы 1-бетте)

Маңызды басқосу

ШЫҰ-ның кезекті саммиті 3 шілде күні басталмақ. Ұйымның ресми сайты жариялаған мәліметте саммиттің негізгі отырысы, яғни мүше елдері басшыларының кеңесі 4 шілде күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өтетіні көрсетілген. Шын мәнінде, Астанада өткелі тұрған саммит осы бір жыл ішінде ұйым аясындағы ең маңызды оқиға. Себебі, мүше елдердің басшылары бас қосып жаһандық жаңа жағдайда әртүрлі салалардағы ынтымақтастықты тереңдету мәселесін сөз еткелі отыр. Оған қоса, ең өзекті делінген халықаралық және өңірлік мәселелерді де ортаға салады. Осы аталған бағыттарда пікір алмасқаннан кейін ұйымның келесі даму жоспарларын қарастыратын болады.

Саммиттің біз үшін маңызды тұстарының бірі, Астанадағы саммитте Қазақстанның 2023-2024 жылдардағы ұйымға төрағалық қызметі қорытындыланады. Кезекті басқосудан кейін ұйым төрағалығын келесі елге өткізіп бермек. Кеше, 1 шілде күні Қытай Сыртқы істер министрлігінің баспасөз өкілі Мао Нин 2024-2025 жылдардағы ұйым төрағалық қызметі Қытайға өтетінін мәлімдеген болатын. Яғни осы жиыннан соң Қазақстан ұйым төрағалығын абыроймен аяқтағалы отыр. Ал ұйым төрағалығы Бейжіңге 7 жылдан кейін айналып келді.



Жаңа құжаттарға қол қойылады

Саммит алдында Қытай төрағасы Ши Жиньпин (Си Цзиньпин) Қазақстанға мемлекеттік сапармен келетіні белгілі болды. Жиыннан соң Қытай басшысының сапары Тәжікстандағы мемлекеттік сапарына ұласады. Осы дипломатиялық алмасулардың алдында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қытайлық Синьхуа агенттігіне сұхбат берді. Онда ол қазақ-қытай қарым-қатынасына және ШЫҰ саммитіне қатысты өз пікірімен бөліскен. Президент Қ.Тоқаев сұхбатында кезекті басқосудың негізгі мақсаты жайында да сөз еткен. Яғни ШЫҰ саммитіне қатысушылар әлемдік қауымдастықты қауіпсіздіктің жаңа парадигмасын қабылдауға шақыратынын айтқан болатын.

«Астанадағы саммитке қатысушылар халықаралық қауымдас-

тықты адал және ашық жаһандық диалогты бастауға, қауіпсіздіктің жаңа парадигмасын қабылдауға, әділ экономикалық орта құруға, сондай-ақ, планетаның тазалығын қорғау үшін күш-жігерді ортақтастыруға шақырады», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бір жыл бұрын Астана ұйымның кезекті төрағалығын қабылдай отырып, 2024 жылды ұйым ішінде экология жылы ретінде белгілеуді ұсынған. Бұдан тыс халықаралық жағдайдың қажетіне қарай шиеленістерді оң бағытта шешуде ұйымның белсенділігін арттыру бойынша да бірқатар жаңа бастамалар көтерілген. Біз тараптан ұсынылған «Әділетті бейбітшілік пен келісім үшін әлемдік бірлік туралы» бастама ұйым мүшелері жағынан толық қолдауға ие болды. 3-4 шілде күндері басқосуда осы бастамалар негізінде жаңа құжаттарға қол қойылады деп күтілуде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат ҚАХАР, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Аймақтану кафедрасының докторанты, сарапшы:

– Саммиттің негізгі тақырыбында аймақтағы сын-қатерлер мен қауіптердің алдын алу мәселесі, терроризмге, экстремизмге, сепаратизмге және заңсыз есірткі айналымына қарсы іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері тұр. Бұл қатарда Ауғанстандағы тәліптердің үкіметін мойындау-мойындамау мәселесі де қарастырылуы мүмкін.

Бұған қоса, Беларусьтың ұйымдағы мәртебесі бақылаушы елден ресми мүшеге көтеріліп, ұйым мүшелерінің саны 10-ға жетеді деп күтілуде. Осындай ауқымды халықаралық алаңды пайдалана отырып Ресей Украинаны және Батыс елдерін сыңға алу дағдысын қайталауы мүмкін. Ал Бейжің болса ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес механизмін аймақта қалыптастыруға тырысады. Ондағы мақсаты – Ауғанстандағы жағдайдан кейін және Ресейдегі терактіден кейін аймақтағы экономикалық мүддесін жүзеге асыруға қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету. Жиында 30-дан астам маңызды құжат қабылдау жоспарланған. Бұл құжаттар энергетика, цифрлық даму, туризм және басқа да салаларды қамтиды.

Осылармен қатар ұйым құрамында да өзгерістер болатыны белгілі болды. Бұған дейін бақылаушы ел қатарындағы Беларусь ресми мүшелікке қабылданады. Қазірге дейін ұйымның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Қытай, Үндістан, Пәкістан және Иран қатарлы 9 ел бар. Иран Ислам Республикасы ұйымға Қазақстанның төрағалығы кезінде ресми мүше болып кірді. Мүшелікке үміткер елдер қатарында Моңғолия, Ауғанстан және т.б. мемлекеттер де саммитке қатысып келеді. Кей болжамдар да НАТО құрамында болғанына қарамастан Түркия да ұйымға тұ-

рақты мүшелікке қызығушылық танытуда.

Астанада өткелі тұрған саммит өзінің кілттенді кезеңімен де сырт әлемнің назарын аударары анық. Жиын аясында ресми мәліметтерде айтылмаған тағы қандай мәселелер көтерілуі мүмкін? Бұл турасында оқырмандарымызға сарапшылардың пікірін арнайы ұсынып отырмыз.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



САРАПТАМА

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚСТАНҒА МҮДДЕЛІ

Тауарларының 80 пайызы біздің ел арқылы өтеді

Қытай Халық Республикасы Сыртқы істер министрлігі Төраға Си Цзиньпиннің 2–6 шілде аралығында Қазақстан мен Тәжікстанға мемлекеттік сапарға дайындалып жатқанын ресми хабарлады. Мемлекеттік сапар аясында Си Цзиньпин Астанада өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) 24-ші саммитіне қатысады. Соңғы жылдары Еуразия кеңістігіндегі геосаяси өзгерістер нәтижесінде Қытайдың аймақтағы рөлі тікелей және халықаралық институттар аясында арта бастады. Осыған орай Қытай Халық Республикасы Мемлекет басшысының өңірімізге мемлекеттік сапары аясында Қазақстан–Қытай байланысының бүгінгі мен болашағын талдап көрейік.

• ШЫҰ-ның XXIV саммиті елордамызда 4 шілдеде Тәуелсіздік сарайында өтеді. Саммитке, Үндістан, Иран, Қытай, Қырғызстан, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Беларусь, Моңғолия, Әзербайжан, Катар, БАӘ, Түркия және Түркіменстан басшылары қатысады деп күтілуде.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келіп, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Астанадағы саммитіне қатысады. Соңғы жылдары Қазақстан–Қытай аралығында саяси байланыс арта бастады. Былтыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға екі рет және биыл бір рет – наурызда Боао Азия форумына қатысса, Қытай төрағасы Си Цзиньпин соңғы екі жылда Қазақстанға екінші рет мемлекеттік сапармен келуде. Мемлекет басшылары арасындағы жиі

мемлекеттік сапарлардың артуы екіжақты қарым-қатынастың жаңа деңгейге шығып жатқандығын көрсетеді. Тараптар арасындағы байланыс қазіргі таңда экономика саласынан бөлек, мәдениет, білім беру, жастар саласы арасында кеңінен серпін алып отыр.

Ұлттық экономика министрлігінің дерегіне, Қазақстан мен Қытай арасындағы ұзақ мерзімді жан-жақты стратегиялық ынтымақтастық тұрақты түрде дами бастады. Алғаш рет 2023 жылы маусым айында Қытай еліміздің негізгі сауда-экономикалық серіктісіне айналды. Қытайдың Орталық Азия елдерімен тауар айналымы 2022 жылы 41,9 млрд доллардан 70,2 млрд долларға дейін өсті. Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда айналымы 2022 жылы 31,1 млрд долларға жетсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш рекордтық 41 миллиард долларға жетті. Тараптар сауда айналымын 100 миллиард долларға жеткізуді мақсат етіп отыр.



(Дереккөз: The Times of Central Asia).

Сонымен қатар, Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыс логистика, тауар алмасу саласында жаңа серпін алуда. Ресейдің Украин жеріндегі басқыншылық саясаты нәтижесінде аймақтағы қалыптасқан тауар тасымалы жолына балама түрде «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» тауар тасымалы жолының ықпалы артып отыр. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстан–Қытай арасында Сиань портында қазақстандық терминал жұмыс істей бастап, «Қорғас» және «Алашанькоу» өткізу бекеттері арқылы өтетін Қытай–Еуропа пойыздарының саны 5 мыңнан асты. Десе де, Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланыстың геометриялық прогрессия негізінде жылдам өсуіне қарамастан, еліміз үшін экспорт пен импорт теңсіздігі қалыптасып отыр. Яғни экспорттың басым бөлігі шикізат өнімдерін

құраса, импорттың көп бөлігі дайын өнімдерді құрайды. Екі ел арасындағы визасыз саяхаттау талаптары енгізілуі қос ел арасындағы туризмнің әлеуетін арттырып отыр. Бүгінгі таңда Қазақстаннан Бейжің, Гуанчжоу, Ханчжоу, Сиань және Үрімжі қалаларына тікелей рейстер жүзеге асуда.

Соңғы отыз жылда байланыс тек экономикалық, инвестициялық сипатта ғана дамып келсе, бүгінде білім мен ғылымды меңгеру, академиялық зерттеулер жүргізу бойынша жаңа бағыт қалыптасты. The Economist журналының дерегіне, қытайлық зерттеушілер ғылыми зерттеу нәтижелерін ғылыми журналдарда жариялау бойынша бүгінде әлемде бірінші орынға шықты. Бүгінде елімізде Конфуций институтының бірнеше филиалы, ғылыми зерттеу орталықтары жұмыс жасаса, былтыр Әл-Фараби атын-

дағы Қазақ ұлттық университеті жанынан Қытайдың Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің Қазақстандағы филиалы ашылды.

Алайда, соңғы жылдары халықаралық саясаттағы идеологиялық бөлініске орай еліміз ортақ жаһандық мәселелерге деген бірегей ұстанымды қалыптастыра алмай отыр. Ұжымдық батыстың Ресейге қарата салынған экономикалық санкциялары, Қытайдың Ресейге байланысты жеке-дара ұстанымы, бүгінгі таңда халықаралық саясаттың трансформациялық өзгерісті бастан өткеріп отырғанын көрсетеді. Қытай басшысының елімізге мемлекеттік сапары екі ерекше сипатқа ие. Біріншіден, ШЫҰ алаңы аясында Қытайдың жаһандық саясаттағы ұстанымы мен көзқарасын анық білдіруі. Екіншіден, Қытай үшін Орталық Азия елдері құрлық жолы арқылы Батыс Еуропаға Ресейді айналып өтетін баламалы сауда жолының негізгі күре тамырын құрап отыр. Себебі, Қытайдың құрлық жолы арқылы Еуропаға тасымалданатын сауда көлемінің 80%-ы тікелей Қазақстан арқылы тасымалданады.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.





БАЙЫПТАМА

МӘЖІЛІС МӘН БЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕР

Қай фракция қарқынды жұмыс істеді?

28 маусымда Мәжіліс VIII шақырылымы 2 сессиядағы жұмысын қорытындылады. Депутаттар 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бері түрлі заң қабылдап, сайлаушылармен кездесіп, жауапты органдарға депутаттық сауалдар жолдады. Әсіресе, бір мандатты округтардан сайланған депутаттар белсенділік танытуда. Ендеше, Мәжілістің жұмысын қорытындылап, оны біз де бағалайық. Ол үшін Мәжіліс сайтындағы қорытынды сараптамаға жүгіндік.

Билеуші партияға саяси бәсеке болмай тұр

Мәжіліс депутаттары II сессия аясында 527 сауал жолдаған. Оның 268-і билеуші партия АМАНАТ-қа тиесілі. Екінші орынға Ақ жол фракциясы жайғасты. «Ақжолдықтар» 71 сауал жолдаған.

Бір мандатты округтерден сайланған депутаттар сауал жолдауда белсенді болды. Олар сессия жұмысы барысында 52 сауал жолдаған.

Ал Respublica мен ЖСДП фракциялары партиялық ресурсы бола тұра лайықты жұмыс көрсете алмады. Бұған саяси тәжірибенің жоқтығы себеп болуы мүмкін. ЖСДП оппозицияда ұзақ әрекет етті. Алайда, Парламенттегі алғашқы тәжірибелері. Respublica фракциясы заң шығарушы органда болмақ түгілі, саяси партия ретінде тәжірибесі жоқ.

Фракциялар	Сауалдар саны (527)
АМАНАТ	268
Ақ жол	71
Бір мандатты округтер бойынша сайланғандар	52
Ауыл	46
ҚХП	45
ЖСДП	24
Respublica	21



Мәжілістегі комитеттер бойынша да баланс сақталмаған. Мысалы, «әлеуметтік-мәдени даму комитеті» – 113, «халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті» – 43 сауал жолдаған.

Сауалдардағы көтерілген мәселелердің сипаты бойынша «экономика және өңірлерді дамыту мәселелері» басым. Депутаттар 52 сауал жолдаған. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру туралы бар болғаны 4 сауал жолданған екен.

Сауалдар бірінші басшыға көбірек жолданады

Сауалдардың жолдану адресатын жеке қарастырған жөн. Себебі, көп мәселелер әлі күнге дейін бірінші басшылардың қатысуы арқылы шешілуде. Депутаттық сауалдың 231-і Премьер-министрге, 202-і оның орынбасарларына бағытталған. Депутаттар Бас Прокурор Берік Асылыққа да көп жүгінген.

Ал Президентке тікелей бағынатын агенттік басшыларына бір-бірден сауал жолданған. Қорғаныс министрлігі мен ОСК-ға да сонша рет сауал жолдаған.

Адресат	Сауалдар саны
Премьер-министр	231
Премьер-министрдің орынбасарлары	202
Бас Прокурор	56
Денсаулық сақтау министрі	12
Ауыл шаруашылығы министрі	12
«Самұрық Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы	11
Ұлттық банк Төрағасы	10

Құқықтық тәртіп алаңдатады

Мәжіліске азаматтардан электронды түрде 27 077 өтініш түскен. Оның 14 965-і сот төрелігі мен құқықтық тәртіпке байланысты. Бұдан еліміздің азаматтарын өз құқығының бұзылуы алаңдатады деген қорытындыға келеміз.

Ғылым және білім, мәдениет, жастар мәселелері азаматтарды онша мазаламайтын секілді. Бар болғаны 4,3% өтініште осы мәселелер көтерілген. Тағы бір таң қалдыратыны, азаматтардан заң жобалары бойынша ұсыныстар да келген. Мұнда «сот және құқықтық тәртіп» пен заң жобаларына ұсыныстар арасында байланысты байқауға болады. Бір жағы құқықтық тәртіптің сақталмауы, екінші жағынан заңға өзгеріс енгізуге деген құлшыныстың жоқтығы. Бұл жалпы мемлекеттегі құқықтық нигилизмнің көрінісі.

Көтерілген мәселе (27 077)	Саны (27 077)
Сот және құқықтық тәртіп	14 965 (55%)
ТКШ, тұрғын үй беру, құрылыс	1 940 (7%)
Ауыл шаруашылығы және экология	1 621 (6%)
Әлеуметтік мәселелер	1 605 (6%)
Экономикалық реформа	1 454 (5,3%)
Заң жобалары бойынша ұсыныстар	1 249 (4,6%)
Ғылым және білім, мәдениет, жастар	1 170 (4,3%)

Жалпы бір жылдық саяси маусымға 27 мың өтініш өте аз көрсеткіш. 2023 жылы 19 наурызда өткен кезектен тыс Парламент Мәжілісі сайлауына 12 млн-нан астам адам дауыс беруге құқылы болған. Қазір бұл сандар өзгергені сөзсіз. Соған қарамастан, 27 мың өтінішті 12 млн адамға шақсақ, азаматтардың арыз-шағымдарының көрсеткіші өте төмен екеніне көзіміз жетеді. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады. Цифрлық даму мемлекет пен қоғам арасындағы алшақтықты жоюға кең мүмкіндік бергенімен, оны азаматтар толық қолдана алмай келеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

АВТОБУС ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ ТАПШЫ

Қаланың ең үлкен автопаркінде 24 жүргізуші жетіспейді

Бұл туралы қоғамдық көлік саласындағы ең ірі тасымалдаушы болып табылатын «Алматыэлектркөлік» ЖШС хабарлады. Кәсіпорында атап өткендей, республиканың барлық автопарктерінде қоғамдық көлік (бұдан әрі – ҚК) жүргізушілеріне байланысты проблема бар. Бұл «D» санатына және «Тb» кіші санаттарына құқықтарды дайындау мен берудің күрделі жүйесіне, сондай-ақ жұмыс өтіліне қойылатын талаптарға байланысты.

Ернұр
РЫСБАЙ



істейді, оның ішінде 1698-і автобус жүргізуші, троллейбус жүргізушілері – 303 адам.

– Біздің кәсіпорында 24-ке жуық автобус және троллейбус жүргізушілері жетіспейді. Алматыда қоғамдық көлік басқарғысы келетіндер өте көп. Мәселе мынада, көптеген адамдар еңбек өтілі мен санаты бойынша қоғамдық көлікте жұмыс істеу талаптарына сәйкес келмейді. Бірақ санатты алу үшін еңбек сіңірген жылдар қажет. Сонда жүргізуші жұмысқа орналасу үшін қай жерде жұмыс істейді? Осылайша тұйық шеңбер пайда болады, – дейді «Алматыэлектркөлік» ЖШС өкілі Айгүл Жұртбайқызы.

Ведомство әкімшілік полиция комитетіне шектеулерді түсіндіруді сұрап сұрау жіберді.

– Олар бізге осы тармақ бойынша жауап жіберіп, қоғамдық көлік жүргізушілері арасындағы апатқа байланысты ережелердің қатандатылуын түсіндірді. Олардың пікірінше, осы шаралардан кейін жолдарда өліммен аяқталған ЖКО азайды. Бірақ біздің автопаркте барлық жүргізушілер жұмысқа қабылдана алдында жүргізушілерді қайта даярлау курстарынан өтеді, онда жол қозғалысы ережелері мен қауіпсіздік техникасын үйренеді. Біздің кәсіпорын заң аясында жұмыс істейді, – дейді спикер.

Сондай-ақ, «Алматыэлектркөлікте» ҚК үшін қолданыстағы газ құю станцияларының қуаттылығының жетіспеушілігі проблемасы бар.

– Біз Алматы қаласының экологиясын жақсарту мақсатында газ автобустарын сатып аламыз. Бірақ мегаполисте газ құю станциялары белгіленген зауыттық қуаты орта есеппен 50%-дан аспайды. Бұл көбінесе АГТКС-ке тиісті емес және уақытылы техникалық қызмет көрсетумен байланысты. Әдетте бір автобуска жанармай құю үшін 15 минут қажет, бірақ көбінесе, әсіресе, жазда жанармай құю компрессорлары ыстықтан жиі қызып кететін кезде, көптеген автобустар желіден кетуге мәжбүр болады, өйткені олар кезекте тұрады және түнде жанармай құюға уақыт болмайды. №3 автобус паркінде біз өз күшімізбен әкімдікпен бірге газ құю бекетін салдық, бұл жағдайды біршама жеңілдетті. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың үшінші тоқсанының соңында аяқталуы жоспарланған №2 автобус паркіндегі жанармай құю бекетін күрделі жөндеу процесі жүріп

жатыр. Жаңа автобус маршруттары санының артуына орай жанармай құю станцияларының санын да арттыру қажет, – дейді Айгүл Жұртбайқызы.

Жүргізушілердің жалақысы 2023 жылы 10% және 20%-ға өсті. Ең жоғары жалақы, айына орта есеппен 650 мың теңгені құрайтын, үлкен көлемді көлік – аса үлкен класты автобустарды басқаратын «Е» санатындағы құқықтары бар жүргізушіде. «D» санаты бар жүргізушілер аз алады, олардың автобустары жеңілрек.

– Жолаушылардың шағымдары салдарынан жүргізушілердің жалақысы кесіледі, бұл да жалақы мөлшеріне әсер етеді, ал компанияда мемлекеттен субсидиялар кесіледі, – дейді кәсіпорын өкілі Айгүл Жұртбайқызы.

«Алматыэлектркөлік» ЖШС тарапынан «Жол қозғалысы туралы» заңды түзетуге қатысты хаттар ҚР Көлік және автомобиль жолдары қызметкерлері кәсіподағының төрағасына, Мәжіліс Төрағасының орынбасарына, сондай-ақ Алматы қаласы Полиция департаментіне, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне, ҚР Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне жолданған.

– Біз «Жол қозғалысы туралы» заңнан жолаушыларды тасымалдауға арналған «D» санаты бойынша кемінде үш жыл міндетті жұмыс өтілін көздейтін тармақты алып тастауды сұраймыз. Сондай-ақ, жасты 21 жасқа дейін азайтуды сұраймыз. Бейінді министрліктер тарапынан шаралар қабылдау арқылы жағдай жақсарады деп күтеміз, – деп түйіндеді ол.

БӘРЕКЕЛДІ!

АУЫС-ТҮЙІС

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен, ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімімен Алматы қаласы әкімінің орынбасары болып Азамат Қалдыбеков тағайындалды.

Азамат Қалдыбеков 1984 жылы 11 қазанда дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша бітірген, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Дьюк университетінде (Солтүстік Каролина, АҚШ) құқық магистрі дәрежесін алған, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде философия док-

торы (PhD) ғылыми дәрежесін алған. Азамат Бескемпірұлы 2018 жылы Алматы қаласы әкімінің бас инспекторы болды. 2018 жылдың шілдесінен 2019 жылдың наурызына дейін Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының басшысы қызметін атқарды. 2019 жылдың наурыз-қазан аралығында Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы

басшысының орынбасары болып еңбек етті. 2020 жылдың қаңтарына дейін Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды. 2019 жылы Бірінші президенттік жастар кадрлық резервіне енді. 2020 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Алматы қаласы Алатау ауданының әкімі болған.

ӘРІПТЕСІМІЗ «ҚҰРМЕТ»
ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Журналистика күніне орай «Alatau Aqparat» медиахолдингінің қызметкерлері мемлекеттік наградалармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні. Осы кәсіби мереке аясында «Alatau Aqparat» медиахолдингінің қызметкері, «Вечерний Алматы» газетінің жауапты хатшысы – Әбдіжамал Сапарқұлов «Құрмет» орденімен марапатталды. Айта кеткен жөн, «Құрмет» орденімен азаматтар экономика- ны, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беруді дамытудағы сіңірген еңбегі, мемлекеттік органдардағы үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

Әбдіжамал Сапарқұлов – Қазақстан журналистикасына еңбегі сіңген журналистиканың құрметті ардагері. Ол Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтын «Журналистика» мамандығы бойынша бітірген. Кәсіби мансабын фототілші ретінде бастап, әр жылдары баспасөз ұйымдарында басшылық қызметтерді атқарды. Қазіргі уақытта Әбдіжамал Халилұлы «Вечерний Алматы» газетінде жауапты хатшы қызметін атқарады.

«Alatau Aqparat» ұжымының әріптесімізді осынау марапатпен құттықтай отырып, оған жұмысында табыс, отбасына бақ-береке тілейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КӨРМЕ

«ТАЗА
АЛМАТЫ»
Жас суретшілер
қаланы таза ұстауға
шақырады

Алматыда тұрғындарды тазалық пен табиғатты аялауға үндеген жас суретшілер көрмесі өтті.

Досбол
АТАЖАН

Медеу ауданы Комьюнити-орталығының өнер алаңында тазалыққа арналған «Таза Алматы – өнер экологияға» атты жас суретшілердің көрмесі өтті. Суретшілер Алматы қаласын экологиялық тазалығын сақтауға, көшелерге қоқыс қалдығын тастауға қарсы екендігін білдіріп, өз туындыларында Алматының тазалығын арқау етті.

– Көрмеде өз шығармашылығымнан 3 туындымды қойдым. Оның бірі – «Қайыңды», екіншісі – «Қапшағай». Мен бұл суреттерде адам мен табиғаттың байланысын бейнеледім. Рас, кейде адамдар өздерін табиғаттан жоғары сезінетін де кездері кездеседі. Дегенмен, адам табиғатты бір бөлшегі екенін ұмытпауымыз керек. Біз табиғаттан жаралдық, соған қайтып барамыз. Үшінші туындыма өзімнің туған жерімді, үйімді бейнеледім, – дейді Нұрболат Асқар.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Көрмеде Канаданың «Art Vancouver» халықаралық ірі көрмесінің қатысушысы, National Geographic-қа сұхбат берген суретші Ділшат Әріпов, Audi, ірі компаниялар үшін қабырғаларды бояу жобаларын сәтті жүзеге асырып жүрген Ақмарал Жадырасынова, Өнер ғылымдарының магистрі Айжан Қуатова, «Ұлы дала тұлғасы» 2020 халықаралық байқауының бас жүлдегері Шыңғыс Әлменов, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Нұрболат Асқар, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының студенттері Асылай Мұқашева мен Сумбат Зайнидинованың туындылары қойылды.

– Мен бүгінгі көрмеге «Тұмша» деген туындымды әкелдім. Онда Алматы қаласы және беттерде киген қыз тұр. Яғни бұл сурет арқылы ауа ластануы мәселесін және біз бұл жағдайды қолға алмасaq, қандай жағдайға тап болатынымызды көрсеткім келді. Мен көбіне суреттерді қабырғаға саламын, сондықтан туындыларым көп емес. Бұл суретті арнайы осы көрме үшін салдым, – деді Ақмарал Жадырасынова.

АБАТТАНДЫРУ

ЕСЕНТАЙ
ӨЗЕНІНІҢ
ЖАҒАСЫ

тұрғындар серуендейтін
аймаққа айналады

Алматының Жетісу ауданы тұрғындарының өтініші бойынша Есентай өзенінің жағасында жаңа серуендеу аймағы салынуда.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жетісу ауданында күрделі жөндеу аясында «Көкжиек» шағынауданындағы Есентай өзенінің жағасында жалпы ұзындығы 1,7 шақырымды құрайтын Kokjiek Garden саябақ аймағы салынуда.

Бұған дейін бұл учаске мүлдем абаттандырылмаған, яғни аймақ Гамарник көшесінен дыру туралы өтініш білдірді. Аудан әкімінің тапсырмасы бойынша «Көкжиек» шағынауданынан «Кемел» шағынауданына кедергісіз және қауіпсіз өтуге мүмкіндік беретін жайлы жағалау аймағын салу туралы шешім қабылданды.

Қазіргі уақытта төсеніш төсеу, асфальт-



тау, Есентай өзенінің бойында қоршаулар, жаяу жүргіншілер көпірлері, 210 жарықтандыру тіректері, балалар, спорт және коньки алаңдарына негіздер дайындау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, ұзындығы 10 шақырым авто суару салынады. Мамандардың айтуынша, жұмыстарды аяқтау ағымдағы жылдың шілде айының соңына жоспарланған. Kokjiek Garden саябақ аймағы іргелес тұрғын үй алаптарының тұрғындарын демалыс үшін қолайлы жағдаймен қамтамасыз етеді. Демек, бұл жерде балалар және спорт алаңдары бар жаңа қоғамдық кеңістік, коньки алаңы, жаяу жүргіншілер жолдары және өзен жағасында демалыс аймағы пайда болады. Бұрын хабарланғандай, Есентай өзенінің бойында жалпы ұзындығы 1,2 шақырым болатын тағы бір жаңа қоғамдық кеңістік салынуда. Саябақ аймағы Черновицкая көшесінің бойымен Самырсын көшесіне дейін созылады. Құрылыс осы жылдың шілде айының соңында аяқталады.



ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

УТИЛЬАЛЫМ ЖЫРЫ

автоиндустрияны жандандыра ала ма?



Қолдағында жатқан Нұрбоосын ӨРІСҮЛІ.

Қазақстанда 2016 жылы қайта өңдеу ақысы енгізілген. Бұл – автоөндіруші, ресми импорттаушы мен шетелден көлік әкелгісі келетін жеке тұлғалар төлеуге міндетті бір реттік төлем. Ауылшаруашылық техникасына қайта өңдеу жинағын ойланбастан тарату бәсекелестіктің бұзылуына әкеп соқты. Соның салдарынан автомобиль, ауыл шаруашылығы машинасы мен арнайы техникаларға деген баға күрт өсті. Оған қоса, автомобиль көлігі мен механикаландыруға қатысты барлық тауардың жүк тасымалы, механикаландыру мен қоғамдық көлік қызметі, азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар, тұрғын үй құны, т.б. бағасы артты.

Автоалымның артуы

Мамыр айының соңында Е-Petition.kz мемлекеттік сайтында қайта өңдеу ақысын алып тастау туралы петицияға 50 мыңнан астам кол жиналды. «Автоалымның артуы жүк тасымалы, жолаушы тасымалдау, механикаландыру қызметі тарифінің өсуіне әкелгені сөзсіз. Автокөліктердің қымбаттауы азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар, құрылыс пен тұрғын үй бағасының өсуіне ұласты. Үкімет соңғы бірнеше жылда үдей түскен инфляцияны ұстай алмады. Бұл кезеңде еліміздің автокөлік паркі ескірді», – дейді петиция бастамашылары. Адамдарға шетелден жаңа көлік әкелу қиындап кетті. Шаруалардың онсыз да қиын жағдайы күрделене түсті. Арнайы техниканың бағасы күрт өсіп, көлікке қол жеткізу қиындады.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр қайта өңдеуге салынатын салықты жанама салық деп атағанын білеміз. Оның айтуынша, қайта өңдеуден түскен ақша Экология және табиғи ресурстар министрлігінің бақылауындағы «Жасыл даму» мекемесі арқылы жұмсалады.

Республикалық қайталама металлургия өнеркәсіпшілер одағы қауымдастығының төрағасы Владимир Дворецкий 15–20 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан «Автоөнеркәсіп» схемасын ел көлеміндегі «алдамшы әрекет» деп біледі. «Бұл былық – елді отыз жыл басқарған адамның президенттік құқығы мен кәсіпкерлердің ыңғайын пайдаланып жасаған жобасы. Команда солай жасақталған. Қысқасын айтқанда, РОП, өтелжанақ, автопром тақырыбы бір пакетте қабылданған. Техникалық жағын реттеуде А.Рау, И.Лаврентеев есімдері аталады.

Бұл топта РОП-тың бас директоры С.Коротенко болды. Бұл топқа мені шақырмады» дейді. «Біздің кәсіпорын ұзақ уақыт автокөлікті өтелге шығарумен айналысты. Бұл шақта экология зардап шеккен. РОП деген осы кезде пайда болды. Сосын өтелжинау, одан соң автопром. Сол кезге дейін еліміздің кез келген жеріне автокөліктерді жеткізетінбіз. Бұл үшін бізге ешкім ақы төлемейтін. Біздің кәсіпорын осы жолда табысымызды табатынбыз. Жаңа схема жасалғанда Рау мырзадан мұның мәнісін сұрағанымда: «Владимир Яковлевич, бұл мәселе талқыланбайды...» деп сөзді қысқа қайырды».

Бұл – өнеркәсіпшілер одағы қауымдастығының төрағасы В.Дворецкийдің сөзі. 2022 жылдың қаңтарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қалдықтарды қайта өңдеуді басқару қызметі қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратуға маманданған «Жасыл даму» мемлекеттік кәсіпорнына берілді. «РОП операторы» кәсіпорнының өзін оның иелері мемлекетке сыйға тартты. Сол жылы қайта өңдеу мөлшерлемесі екі есеге қысқарды. Өтіншігі қарау үшін Индустрия және сауда министрлігі мүдделі тараптардың, мемлекеттік органдардың және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен тұратын жұмыс тобын құрды.

Шығын шығармай, пайда табу...

«Сонымен, бұл жұмыс тобы жұмысын бастап кетті... Бұл жұмыстар заңдастырылған «контрабанда» болатын. Еш қаржы шығармай, пайда табу (!). Ел-жұрт үнемі қала беруі тиіс. Мақсат – ел экономикасын арттыру, экологияға

оң әсер ету. Әрбірден соң, бұл – ДСҰ алдындағы міндеттемемізге кереғар жағдай. Мұны елдің экоауалын арттыратын экономикалық өркендеуіне қарсы әрекет деуге болады», – дейді автоқауымдастық төрағасы.

Автокөліктердің, ауылшаруашылық техникасы мен арнайы техникалардың қымбаттығы инфляцияны арттырады. Осыдан сегіз жыл бұрын берілген уәденің бірі де орындалған жоқ. Негізгі мақсаты, қоршаған ортаны жақсарту болып табылатын қайта өңдеу ауаның одан да көп ластануына әкелді. Әлбетте, Өндірушінің кеңейтілген жауапкершілігі (ӨКЖ-РОП) – экономикалық реттеу механизмі, осыған сай, тауарды өндіруші және импорттаушы елге өндірілген не импортталатын өнімді тұтынушылық қасиетін жоғалтқаннан кейін оның өмірлік циклінің соңында билік етуге міндетті. Осы экономикалық реттеу механизмін қолға алған оператор – «Жасыл Даму» АҚ экологиялық кодекс талабын өрескел бұзуда. Олар азаматтар мен компаниялардан алдын ала қыруар ақша жинағанымен, қайта өңдеу жөніндегі міндеттемесін орындамай отыр.

Айта кетерлігі, қайта өңдеу нормасы Индустрия және сауда министрлігінің хатымен ұсынылып, бекітілген. ҚР Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары қалдықтарды қайта өңдеу және бастапқы тіркеу көрсеткішін төмендету туралы талап қойды. Министрліктер бұл көрсеткішті азайтуға не жоюға қарсы емес. Бүгінде бұған тіресіп, жол бермей отырған ведомство – Индустрия министрлігі. Индустрия министрлігін ұзақ жыл нақты әрі бәсекеге қабілетті автоөнеркәсіп құрмаған автоөндірушілердің жалаң уәдесі жактап, ақтап отыр. Елімізде шығарылған көліктердің бағасы осы сегіз жылдан астам уақыт ішінде 4 есеге дейін өскен. Бұл да петиция жасаушылар талабы.

Артық төлемді мойындауға міндетті

Әділ қайта өңдеу жүйесі құрылмайынша, наразылық жойылмайтын түрі бар. Индустрия министрлігі қазақстандықтардың осы жылдар бойы артық төлем жасағанын мойындауға міндетті. Айтар болсақ, ТМД елдерінің көбінде мұндай алым жоқ. Ресей мен Беларусьте жеке тұлғалар көлік сатып алғанда 17-ден 100 мың теңгеге қайта өңдеу үшін алым төлейді. Ал бұл жерде көлікті бастапқы тіркеу деген ұғым мүлдем жоқ. Сегіз жылдан кейін қазақстандық қайта өңдеу жүйесі елге зияннан өзге ештеңе әкелмегендей.

Қайта өңдеудің тиімсіздігін еліміздің Жоғарғы Есеп палатасы да мойындап отыр. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала келе, өзекті мәселені мойындаудан абазы жоқтай. Бұл ретте «Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жеңіл автокөліктерді (М1 санаты) 100 мың теңгеге дейін, басқа санаттағы көлік құралдарына қайта өңдеу төлемін 0 теңгеге дейін төмендетіліс» дейді Санжар Бокаев бастаған петиция жолдаушылар. Бұған қоса, хат жолдаушылар ауыл шаруашылығы техникасын қайта өңдеу төлемін толығымен алып тастауды ұсынады. Сондай-ақ, ұлттық экономика мен қаржы министрлігіне көлік құралдарын бастапқы тіркеу мөлшерлемесін 0,25 АЕК-ке дейін төмендету туралы хаттар ұсынылып отыр.

«МТЗ-Қазақстан» машина жасау зауыты – БЕЛОРУССИЯ маркалы тракторлар шығаратын кәсіпорын. Ресми дерекке сүйенсек, нысанның өндірістік қуаты жылына 3000 трактор шығаруға есептелген. Кәсіпорын ауыл шаруашылығы техникасының 20 үлгісін шығарады екен. Алайда, ауылшаруашылық иелерінің отандық өнімге қол жеткізу арман боп тұр. Өйткені, бағасы удай. Сондықтан ескі де болса, қолдағы бар техникаларын өтелге өткізуге асықпауда. Қолдағысынан айырылса, не күн көрмек?... Қолдағы барын жөндеп, жұмыс істеуге мәжбүр. Бұл жағдай өнім сапасына әсер ететіні анық. Содан соң сапалы өнім қайдан болсын?!

Бәсекеге қабілет болмаса...

Бұл туралы үкімет не дейді? Премьер-министр Олжас Бектенов Сенат депутаттарына үкіметке түскен бастапқы тіркеу және қайта өңдеу төлеміне қатысты мәселе қаралғанын айтты. Жалпы, үкімет «елдің көлік паркін жаңартуды ынталандыру, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ экологиялық жағдайды жақсарту» қажеттігін алға тартты. Үкімет басшысының айтуынша, 2016 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде бастапқы тіркеумен 817 мың жаңа жеңіл автокөлік шығарылыпты. Отандық автокөліктерді, ауыл шаруашылығы техникасы мен автобустарды жаңартуға лизингке 180 млрд теңге бөлінген. Сонымен қатар, Экология және табиғи ресурстар министрлігі 2024–2026 жылдары табиғатты қорғау шараларына 200 миллиард теңге бөлінетін көрінеді. Премьер-министр сала мамандары мен өзге де отандастарымыздың сынына қарамастан, елге әкелінетін көліктерді

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2016 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде бастапқы тіркеумен

817 мың
жаңа жеңіл автокөлік шығарылған.



Отандық автокөліктерді, ауыл шаруашылығы техникасы мен автобустарды жаңартуға лизингке

180 млрд теңге
бөлінген.



Бүгінде жүк автопаркінде пайдалану мерзімі 10 жылдан асқан көліктердің үлесі – **80**,

жолаушылар көліктерінде – **73**,
ауыл шаруашылығында – **85** пайыз ауыстыруды қажет етеді.

құрастырудан ешкім бас тартпайтынын атап өтті. Өйткені, бұл мемлекеттік статистиканы жақсартады. Бір қайнауы ішінде ресми статистикалық дерек – осындай.

Үндеу жасаушылар дерегінше, қолжетімсіз бағаға байланысты, еліміздің азаматтары жеке көліктерін жаңартуды тоқтатқан. 2016 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде автокөліктің орташа жасы – 12-ден 22-ге дейін өсті. Бүгінде жүк автопаркінде пайдалану мерзімі 10 жылдан асқан көліктердің үлесі – 80, жолаушылар көліктерінде – 73, ауыл шаруашылығында – 85 пайыз ауыстыруды қажет етеді. Шыны керек, біздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығын ресейлік және беларусь өндірушілері басып алуда. Жасыратынын жоқ, отандық фермерлер бәсекеге қабілетсіз боп қалуда. Көбі банкротқа ұшырау алдында тұр. Солтүстік өңірлердегі ауылшаруашылық аймақтарынан тұрғындардың көшіп кетуі байқалады.

Техникалық тұрғыдағы осындай олқылық мемлекетімізді қыруар шығынға батыруда. Қалыптасқан қайта өңдеу жүйесін күрү, жасанды олигархиялық автомобиль өнеркәсібін дамытуға, есептен шығарылған мемлекеттік несиелерге, банкротқа ұшыраған жобаларға, халықтың ақшасын Ұлттық қордан айыруға, т.б. үшін қомақты қаржы жұмсалды. Сегіз жыл ішінде мемлекетте өндірілген деп есептелгенімен, шын мәнінде еліміздің көліктері үшін бюджетке төленер жүздеген миллиард салық пен кедендік төлемнен құр қалыппыз. Бұл ретте шығын көлемі, бірнеше толық циклді автомобиль зауытының құнынан да асып түседі.

Бетті әзірлеген
Айнабай МӘДІ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекбол ОРЫНБАСАРОВ, сенатор:

Ескі көлігі көп елге айналдық

Әзірге бірде-бір үкімет экономикалық есеп пен ғылыми тұжырымға сүйеніп, халықты қанағаттандыратын негіздеме жасаған жоқ. Қайта өңдеуді енгізу мен кемшілігі мынадан байқалады: еліміздің көлік паркі жыл сайын орта есеппен 280 мың автокөлікпен толықтырылғанымен, 10 жыл ішінде бастапқы тіркеу төлемі 1 миллионға 4 миллионға дейін өсті. Бұл кезеңде автомобильдердің орташа «жасы» 18-ден 12 жылға дейін төмендеді.

Бірақ жаңа автомобильдер бағасының өсуі мен қайта өңдеудегі 8 жылғы көрсеткіш оңтайлы болмай, көлік паркінің құрылымына кері әсер етті. Соның нәтижесінде еліміз ескі көлігі ең көп елдің біріне айналды. Ресейде автокөліктің орташа «жасы» – 14, Еуропалық Одақта – 11,8, АҚШ-та – 12,2, Беларусьте – 12,3, Қазақстанда – 22.



АТ ЖАРЫСЫ

Әлемде ат үстінде орындалатын 30-ға жуық спорттық жарыстың ішінде Олимпиада ойындарының бағдарламасына енген танымал түрі бар. Ол – конкур. Бұл сөздің мағынасы француз тілінен аударғанда, «ат жарысы» дегенді білдіреді. Ең қауіпті спорттың ондығына кіретін конкурда шабандоз ат үстіне отырып, түрлі кедергілерден секіру керек. Конкурмен кәсіби түрде айналысып жүрген спортшылардың бірі, Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі – Шыңғыс МӘЛІКАЖДАР. Конкурдан спорт шеберімен әңгімелесіп, олимпиадалық жарыс туралы білгіміз келді.



Олимпиадаға қатысып, бағын сынағысы келетін спортшының жетістіктері аз емес. Бірнеше сайыстың жеңімпазы, Әлем чемпионатының алтын медалін иеленген. Шыңғыс ат спортымен 9 жасынан бері шұғылданады, жарыстарға сол кезден бастап қатыса бастаған.

Әр сәтті жақсылыққа балайтын халқымыз үшін баласының алғаш атқа отыруы – үлкен қуаныш әрі елеулі оқиға. Кейіпкеріміз болашағы арғымақпен байланысты болатынын сезді ме екен?!

ШЫҢҒЫС:

АЛҒАШҚЫ БАПКЕРІМ –
ӘКЕМ

– Ат спортына деген қадамым бәйгеден басталды. Конкурдан бұрын республика деңгейіндегі аламан бәйгелерге қатысып жүрдім. Қазақстанның түкпір-түкпірінде ірілі-ұсақты бәйгелер жиі ұйымдастырылып тұратын. Біразына қатысып, жүлде алып, атым бәйгеде оза бастады. Бірнеше мәрте жүлдегер атанып, көлік те ұттым. Бәйгеге дайындала жүріп, конкурды да үйренгім келді. 16 жасқа толғанымда салмағым ауырлап, бойым өсті. Бәйгеге қатысу қиындай бастаған соң, конкур спортына қызыға бастадым. Шетелден конкурға арнайы аттар әкелініп, енді-енді көңіл бөлініп жатқан кез еді. Ең алғаш жарысқа Сариез деген ақалтекемен қатыстым. Бала кезден атқа құмар болған адам үшін конкур дегеніңіз жат спорт емес екен. Бірақ алғашқы кезде аттарды тыңдата алмай қиналдым. Себебі, жаттықтырушылар маған үнемі мінезі қиын, басы қатты аттарды беретін. Ал басқалары болса жарысқа қатысып жүрген, көнбіс аттармен секіретін.

Менің әкем – үш сайыс бойынша Кеңес Одағының спорт шебері, сол тұста Оңтүстік Қазақстан облысындағы ат спорты бойынша аға жаттықтырушы болып қызмет етті. Жұрттың бәрі әкеме: «Өзіңнің қолыңда тұрған нәрсе ғой. Балаңа неге дұрыс ат бермегенсің?» деп жиі айтатын. Мен де әкеме сөз келмес үшін ешқашан конкур алаңына шығып көрмеген, мінезді аттарды тандайтынмын. Әкемнің «Балаңды аясаң, аяма!» деген ұстанымын кейін түсіндім ғой. Сондай қиындықтан өтіп, қазіргідей жетістікке жеткенім әкемнің арқасы деп білемін. Әкем – конкурдағы алғашқы бапкерім. Өлі күнге дейін білгенін үйретіп, ақылын айтып отырады. Жарысқа шығарда маған қарағанда, сол кісі көбірек уайымдайды. Келесі жарысқа шыққанша, секірген сәттерімді видеодан қайталап көруден жалықпайды. «Мына жерде дұрыс жасапсың», «ал ана жерінде қате жіберіпсің» деп айтып отырады. Дұрыс секіре алмай қалсам, «атың шаршап қалды ма екен, қандай жем беріп едіңдер?» деп қателіктің себебін іздейді.

Конкурға дайындаған алғашқы тұлпарым – Радгаймен 2016-2017 жылдары бірнеше жарысқа қатысып, 120–130 сантиметр биіктік бойынша Қазақстан чемпионы атандым. 2019 жылы ат спортынан ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы Әсет Толқумбеков мені командаға шақырып, конкурдан Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі болдым. Бастапқы кезде атымның да бойы кішкентай, конкурда тәжірибесі аз болатын. Осындай екі атты дайындадық. Үздіксіз дайындықтың арқасында екеуі 140–150 сантиметрге емін-еркін секіре алатындай дәрежеге жетті. Әбден дайындалып, екі атты кезек-кезек алмастырып, сайыстарға қатысып жүрдім. Екеуі де ақалтеке тұқымды еді. Жарыста тез шаршаса да, барын салып секіретін.

АНЫҚТАМА:

Спорттың ережесі мынадай: Арнайы конкур алаңында немесе манежде түрлі бағыттарға, биіктікте кедергілер қойылады. Әр бағытта 9-дан 13-ке дейін кедергі болады. Биіктігі 100 см-ден 160 см-ге дейін жетеді. Конкуршы тақымындағы арғымағымен жүру тәртібін сақтап, алаңдағы кедергілерді құлатпай, секіріп өтуі керек.

ТІЛШІ:

– Конкурдың халықаралық дәрежесі қандай? Шабандоз бен конкур атына қойылатын талаптар туралы айтып өтсеңіз...

ШЫҢҒЫС:

ТҰНЫП ТҰРҒАН
МАТЕМАТИКА

– Әлемде бұл спорт түрі әлдеқашан дамып кеткен. Тіпті, шетелде футболдан кейінгі екінші орынға конкурды жатқызады. Өте қызық, психологиялық жағынан қиын спорт. Шабандозға бәрінен де бұрын темірдей жүйке керек.

ТҰЛПАР ДЫҢ
арқылы төрткүл дүние таныған спорт

Иә, кедергілер әр айналымда биіктей береді. Кейде спортшы өзі таңдайды. Олимпиадалық спорт болғандықтан, бағыт бойынша секіреді. Барлық кедергіден тұяқ серпітпей өту керек, яғни секіргенде аттың тұяғы кедергіге тиіп кетпеуі керек. Жылдамдықпен келіп, бар күшімен кедергіден аттайды. Аттың тұяғы тиіп, бірақ кедергі құламаса, бәрібір ұпай беріледі. Кедергіден сәтті секіріп, жерге түскен кезде тепе-теңдікті сақтауға көп дайындық керек.

Жарыс алаңы сырттай қарағанда тек топырақ төселіп қойған сияқты көрінеді. Бірақ топырақпен бірге ағаш жоңқаларын да араластырады. Себебі, жарыс кезінде алаң ат пен спортшыға жайлы әрі қауіпсіз болуы керек. Аттарға ыңғайлы, жұмсақ болу үшін алаңға топырақ пен ағаш жоңқалары төселеді.

Кедергіге дейін шауып келгенше, спортшы аттың адымын есептей алуы керек. Конкур – тұнып тұрған математика. Қателесуге болмайды, бір ғана қате бәрін құртады. Аттың басын дұрыс бұрмасаң, кедергіні қағып кетеді.

Басты ереже – атты үш реттен артық қамшылауға болмайды. Жарыс алаңына кірген кездегі талап – амандасу. Сәлем бермей тұрып, бастауға болмайды. Міндетті түрде басқа шлем кию керек. (Шлем – конкурға қатысатын спортшылардың бас киімі).

Жарыс кезінде ат ақсамай, төрт аяғын тең басу – негізгі талаптардың бірі. Жарыстың бірінші күнінде жылдамдық пен тазалыққа қарайды. Тазалық – кедергілерді құлатпай, ережеге сай шауып өту. Ең маңыздысы – уақыт. Жарыстың соңғы күні әртүрлі бағытқа кедергілер қойылып, уақыт береді. 80–90 секундтың ішінде барлық кедергіден секіріп өту керек. Ал финалда қайта секіруге болады. Ол кезде де уақыт пен тазалыққа мән береді. Аттың аузы қанамауы керек. Егер қанаса, жарыстан шеттетеді. Конкурдың өзге спорт түрлерінен тағы бір ерекшелігі, ерлер мен әйелдер қатар бәсекеге түсе алады.

– Бір емес, екі ақалтекені конкурға дайындап, бірнеше жарыста жеңім дедіңіз. Естуімше, спорттық аттың бұл түрі конкурға жарамайды екен. Негізі, қандай аттар бейім? Конкурға атты таңдарда неге назар аударған жөн? Жасына, тұқымына, мінезіне, тағы...



—Иә, ол рас. Ақалтекелер конкурға арналмаған. Бұл спортқа неміс тұқымды аттар лайық. Бізге Германияда туған аттар әкелінеді. Ақалтекенің мыңнан бірі ғана конкурға қатыса алады деп ойлаймын. Ал неміс тұқымды аттарды қарасақ, екінші бірі секіреді. Алты жыл бойы жарыстарға қатысқан Таймас деген ақалтекем болды. Көбі бір атпен осынша уақыт дайындалғаныма таңқалады. Таймас сол мыңның бірі болды-ау деймін.

Конкурға ат таңдарда алдымен, тұқымына, бойына, дене бітіміне мән беремін. Барлық ат спортына жинақы, жеңіл жүрісті аттар епті болып келеді. Ер-тұрманның ішінде ең қажетті тұрмандарының бірі болып саналатын ауыздығына да мән берген жөн. Кейбір аттарға жұмсақ ауыздық салсаң, тыңдамай, қаттылықты талап етеді. Ал енді бірі жақсы секірсе де, ауыздықтың жұмсақ болғанын жақсы көреді. Жұмсақ тақсаң, тыңдамайды, қаттысын жақтырмайды. Кейбірі өте жылдам және оларға қатты жылдамдықпен секірген ыңғайлы. Енді бірі асықпай секіргенді ұнатады. Негізі, бәрі аттың үстінде отырған шабандозға байланысты. Мысалы, менің қазір конкурға қатысып жүрген Корде Лавиль деген атым өте жылдам. Басында бұл атпен секіруге тәжірибем жетпеді. Оның жылдамдығынан адымын есептеп үлгеремей алмайтынмын, тізгінге бағына бермейді. Көп ізденіп, шетелдік тәжірибелі конкуршылардың секіргенін, тізгінді ұстағанын көріп, мұны да үйретіп алдым. Жалпы,

конкурда спортшылардың көбі осындай жылдам аттарды жақсы көреді. Себебі, жарыста уақытқа мән бергендіктен, астындағы арғымағың жүйрік болғаны дұрыс. Алаңға шығып, қатты жылдамдықпен шапқанда, ойлануға уақыт жетпей қалады. Шықтың алдында – кедергі. Бірден шешім шығарып, аттың адымын есептеп үлгеру керек. Есептей алмасаң, атың қанша мықты болса да, сәтті секіре алмайды. Тіпті, кедергілерден секіріп, жерге түскен кезде тепе-теңдікті сақтау керек. Ол үшін көп дайындық пен уақыт қажет.

Осы спортқа лайықталған арғымақтың тұяғы тегіс болуы маңызды. Ат тағалау оңай шаруа сияқты көрінгенімен, әр аттың тұяғы әртүрлі. Конкур аттарының тұяғын тағалау үшін айына бір рет Астана қаласынан арнайы тағашы шақыртамыз. Себебі, біздің аттардың күтімі басқаларына ұқсамайды. Ерекше әдісі бар – таға тұяғына дәл түсуі керек. Секіріп, жерге қонған кезде аттың аяғына салмақ түседі. Мұндайда аяғындағы таға дұрыс болмаса, жарақат алып қалуы мүмкін.

Аттарды жылына 2 рет медициналық тексерістен өткіземіз. Ветеринар дәрігерлер беліне дәрі салады. Сосын тістерін үшкірлеп, аяқтарын рентгенге түсіреді.

– Конкурдың аттары ірі денелі, бойы ұзын болып келеді екен. Алаңда бағындыру оңай емес шығар. Аттан құлаған кезіңіз көп пе?

– Иә, талай құладық қой. Конкурды классикалық спорт түрлерінің ішіндегі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дәурен АСҚАТҰЛЫ, «Қазақстан Республикасының Ат спорты федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті:

Алаңдардың жағдайы алаңдатады

Бұл саланың біздің елдегі даму қарқыны жаман емес деп айтуға болады. Қызығушылық жылдан-жылға артып келеді, бәсекелестік те жоғары. Әсіресе, жастар жағы қызығады. Спортшыларымыз ел аумағында ғана емес, халықаралық жарыстарда бағын сынап жүр. Спортшы мен арғымақтың дайындығы қатар жүреді. Физикалық жағынан бөлек, психологиялық дайындықтың да маңызды екенін айта кетейін. Қазір аттардың да, шабандоздардың да деңгейі едәуір өсті. Кәсіби төрешілер мен осы спортқа қатысты кәсіптер саны артты. Алайда, конкурдың шешілмеген мәселелері де жоқ емес. Қазақстандағы ең қымбат ат спорты саналғандықтан, қалтаға біраз салмақ салады. Қазір федерация ат спортының олимпиадалық түрлерін дамыту бағдарламаларын әзірлеп, біртіндеп іске асыруда.

Конкур – Олимпиада ойындарының бағдарламасына енген жалғыз ат спорты емес. Қазақстанда конкурмен қатар дамып келе жатқан «атпен мәнерлеп жүру» мен «үшсайыс» бар екенін атап өткім келеді. Осы үшеуі Еуропада, Солтүстік Америка елдерінде, сондай-ақ Таяу Шығыста өте танымал. Шет елде дамығаны соншалық, стадиондарға 50 мыңға дейін көрермен жиналады.

Атшабарсыз ат спортын дамыту екіталай. Алдымен ипподромның жағдайы жақсы болу керек. Біздегі ең өзекті мәселе – ат спортына арналған алаңдардың жағдайы. Елімізде халықаралық стандарттарға сай келетін екі-ақ клуб бар. Олар Астанадағы «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені мен Алматы облысындағы «Almaty Horse & Polo Club» ат спорты клубы. Спортшыларды халықаралық деңгейдегі жарыстарға дайындау үшін стандартқа сәйкес келетін спорт алаңдарының санын көбейтуіміз керек. Жаттықтырушыларда да қиындық бар. Бізде жоғары санатты спортшыларды дайындай алатын кәсіби жаттықтырушылар болғанымен, оларда халықаралық тәжірибе жоқ. Тренерлер халықаралық жаттықтырушылық жүйесіне кірмеген. Бұл спортшыларды жоғары деңгейде дайындауда қолбайлау болып тұр. Федерация осы мәселені шешу үшін ат спорты мектебін ашу жөнінде бағдарлама әзірледі. Оған халықаралық жаттықтырушылар қатысып, қазақстандық тренерлер тәжірибе жинайды.

Қазақстанның классикалық ат спортындағы тағы бір мәселе – бізде құны миллиондаған долларға бағаланатын жылқылар жоқ. Бұл мәселе де бірден шешіле қоймайтыны анық. Себебі, бірте-бірте табиғи даму болу керек. Яғни жылқылар біздің шабандоздардың деңгейіне қарай сатып алынуы керек. Қазір біздің шабандоздарымыздың деңгейі мінетін аттарының деңгейінен әлдеқайда жоғары. Сондықтан спорт бағытындағы жылқыларды сатып алатын кез келді деп ойлаймын.

Бізге осы үш классикалық спорт түрін дамытып қана қоймай, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін паралимпиадалық атпен мәнерлеп жүруді қолға алу керек. Қазір бұл спорт түрі тек Шығыс Қазақстан облысында дамыған.

Иппотерапия, ат спорты және паралимпиадалық мәнерлеп жүруде кәсіби нұсқаушылар мен жаттықтырушылар штаты бар. Федерация кәсіби команда құрып, Алматы мен Алматы облысының ат спорты клубтарымен паралимпиадалық атпен мәнерлеп жүру бөлімін ашу бойынша келіссөздер жүргізуде. Федерация кәсіпқой жаттықтырушылар мен нұсқаушылар командасын құрды. Алматы қаласы мен Алматы облысының ат спорты клубтарымен паралимпиадалық мәнерлеп жүру бойынша бөлімдер ашу туралы келіссөздер жүргізіп жатыр. Әзірге бұл сабақтар болашақ спортшылар үшін ақылы болады. Бірақ біз барлығына қолжетімді болуы үшін бар күшімізді саламыз. Бізде осы спортқа бейім, талантты, болашағы зор мүмкіндігі шектеулі жандар көп.

бекзат өнер деуге болады. Тұлпардың қасиетін де дәл осы спортта сезінемін. Аттан құлаған сәт сіз ойлағандай қатты қорқынышты емес. Жылқы – киелі жануар. Аяғының астына құлаған кезде де, адамды аяғымен таптап өтпейді. Сырт көзге аяғымен басқандай болып көрінеді. Бірақ иесін бар күшімен баспайды. Аттар ірі, ауыр салмақты. Сол салмақпен басып өтсе, осы уақытқа дейін бұлай жүрмес пе едік?! Жаттығу кезінде де аттан құлаймыз. Құлаудан қорқып, күрделі жаттығу жасамасақ, ешқандай нәтиже болмайды.

бақ сынады. Кейінгі үш жылда өзім қатысып жүрген жарыстарға үнемі қатысып жүр. Былтыр өткен бір жарысқа мықты конкуршылар қатысты. Команда болып, қарсыластарды жеңу үшін бар күшімізді салдық. Алаңдағы бағыттың схемасы күрделі болды. «Не бел кетеді, не белбеу кетеді» деп жоғары нәтиже көрсетуге тырыстық. Сөйтіп, ең мықты команданы екі жыл қатарынан жеңдік.

ЕНДІГІ БЕЛЕСІМ – ОЛИМП ШЫҒЫ

– Спорттық мансабыңыздағы ең үлкен арманыңыз қандай?

– Конкур спортшыдан төзім мен қажыр-қайратты талап етеді. Әр спорттың өзіне тән қиындығы мен ауыртпалығы болады деп ойлаймын. Бұрын арманым – Қазақстан құрамасына кіру болатын. Қазір ұлттық құрама мүшесімін. Ендігі арманым – Әлем чемпионатына қатысу, олимпиадаға жолдама алу. Биыл Корде Лавиль есімді атпен 135 сантиметрге секіріп, ел кубогын еншіледім. Қыркүйек айында өтетін Қазақстан чемпионатына Сальвадор деген атпен дайындалып жүрмін. Шет елден тағы да ат қарастырып жатырмыз. Жақсы аттар келіп жатса, үлкен додаларға қатысу жоспарда бар. Келесі жылы өзіміздің елде, Ташкент пен Бішкек қалаларындағы Әлем кубогының кезеңінде Әлем чемпионатына лицензия ойнатылады. Биылғы Париж олимпиадасына қатыса алмайтынымыз анық. Келесі додаға қатысуға бар күшімізді саламыз.

Сұхбаттасқан

Гүлжанат СЕМБАЕВА

ТҰЯҒЫ



ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

- Конкурдың отаны – Франция. XIX ғасырдың 50-жылдары Париждегі жылқылар көрмесінде алғаш рет «конкур-иппик» деген атпен түрлі кедергілерден секіру жарысы өтті.
- Конкуршылар жарыста және дайындық кезінде міндетті түрде редингот (конкурға арналған киім) киюге тиіс. Ер адамдар ақ галстукпен редингот киеді. Халықаралық жарыстарда рединготтың түсі шабандоздың ұлттық ерекшелігімен анықталуы мүмкін. Қазақстан құрамасы қара және ақ түсті редингот киеді.
- Конкурда шабандозға атты қамшылауға рұқсат береді. Бірақ қамшының ұзындығы 750 мм-ден аспауы керек.
- FEI (Халықаралық ат спорты федерациясы) ережелеріне сәйкес, конкурға арналған алаңның ауданы 3200 шаршы метрден кем болмауы тиіс.
- Спорттық жылқының аяғына жоғарыға көтерілген кезде 3 тонна, ал жерге түскенде 6 тонна салмақ түседі.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖОЛАҚЫ
ҚЫМБАТТАУЫ
МҮМКІН

Алматы қаласында қоғамдық көлікпен жүру жолақысын 100 теңгеден 120 теңгеге дейін көбейту жоспарланып отыр. Бұл туралы Ашық НҚА порталында жарияланған қала әкімі қаулысының жобасынан белгілі болды.

Қалалық мобильділік басқармасы 80 теңгелік тариф 2011 жылдан бері өзгермегенін және былтыр ғана 20 теңгеге өскенін айтып отыр. Ал қазіргі уақытта Алматыда қоғамдық көліктегі тарифтің құны қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеген кезде 100 теңге, ал қолма-қол төлеген кезде 200 теңге мөлшерінде белгіленген.

Бұл ретте ведомство осы жылы қоғамдық көлікте жол жүру үшін орташа тариф 310 теңге, ал кейбір маршрутта 400 теңгеге жететінін атап өтті. Осыған байланысты жыл сайын тасымалдаушыларға төленетін субсидия мөлшері өсуде. Егер 2023 жылы 68,7 млрд теңге бөлінсе, 2024 жылы субсидияның болжамды сомасы 97,3 млрд теңгеге дейін өсті. Осылайша қазіргі тариф бойынша субсидиялау мөлшері үнемі өсіп отырады, бұл жергілікті бюджет үшін шамадан тыс болуы мүмкін.

«Қала тасымалдаушылары қолданыстағы тариф тасымалдаушылардың автобус сатып алуға, жаңартуға және уақытылы қызмет көрсетуге, сондай-ақ жүргізушілердің жалақысын көтеруге жұмсаған шығынды өтемейді деп бірнеше рет мәлімдеді. Тасымалдаушыларға және жергілікті бюджетке жүктемені ішінара азайту мақсатында қалалық қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға тариф белгілеу туралы қала әкімдігі қаулысының жобасы дайындалды. Жоба жол жүру тарифін 120 теңгеге дейін көтеруді көздейді. Тиісінше, азаматтардың жеңілдетілген санаттары үшін жол жүру құны тарифтің 50%-ы болады», делінген басқарманың хабарламасында.

Сонымен қатар, қоғамдық көлікте жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жол жүру ақысын қолма-қол ақшамен төлеуді жою көзделген. Бұл автобус жүргізушісіне көлік құралын басқаруға және ақша жинауға алаңдамауға мүмкіндік береді.

Қалалық мобильділік басқармасы жаңа тариф кезінде субсидиялаудың болжамды көлемі 2024 жылы 7 млрд теңгеден астамға қысқаратынын атап өтті. Бұл қала тұрғындарының талабын ескере отырып, қоғамдық көлікте көп жүруді арттыруға қосымша қаржы жұмсауға мүмкіндік береді.

МӘСЕЛЕ

ИМАН – КИІММЕН
ӨЛШЕНБЕЙДІ

Қоғам пікірін екіге бөліп, біраз уақыттан бері түйіні тарқатылмай тұрған тақырыптың бірі – хиджаб кино мәселесі екені баршамызға белгілі.

Бүркенген ару,
сен кімсің?

Тарих парақтарына көз салсақ, қазақ әйелі ешқашан басын жауып, бетін бүркемеген. Керісінше, қазақ қызы бұрымын бос қойып, ерлермен қатар елі мен жерін жаудан қорғаған. Бұған дәлел көп. Оған сақ патшайымы Тұмар ханшайымнан бастап, Кенесары ханның қарындасы Бопайдың батырлығын, Ұлы Отан соғысындағы қазақтың қос батыр қызы Әлия мен Мәншүктің ерліктерін, бертін келе Тәуелсіздік үшін жанын пидә еткен Ләззат пен Сәбиалардың ерліктерін айтсақ жеткілікті.

Негізі, хиджаб сөзінің түп төркіні араб халқының сөздік қорына тән. Дәстүрлі киім үлгісі болып саналатын бұл киімді олар даласы шөл, үнемі құм борап жататын болған соң киетін көрінеді. Сондықтан хиджаб біз үшін ешқандай ұлттық киім де, құндылық та емес.

Өйткені, қазақ ешқашан бесіктен белі шықпаған қызына орамал тақпаған. Кішкентай қыздар үкілі тақия, жас қыздар бөрік киген. Тұрмысқа шығарда сәукелесімен ұзатқан. Сөйтіп, келін болып, босаға аттағанда ғана орамалын таққан. Уақыт өтіп, кейін әже болғанда кимешегіне көшкен. Мұның түбірінде діни сенім мен дәстүрдің үйлескені соншалық, ешқандай қарсылық сезілмейтін. Ал қазір ше?! Қазір Алматы көшелерінде хиджаб киіп, паранжамен бүркенген қыз-келіншектерден көз сүрінеді. Тұмшаланып оранып, етегі жер сызған көйлек киетін қазақтың жап-жас сұлу қыздары жоғары оқу орындарында да көбейген.

Алғашында көзін ғана ашық қалдырып, қара киім киген аруларды көргенде жатырқай қарайтын едік. Паранжа киген арумен кейде жеделсатыда тоқайласып қалатын да болды осы кезде. Беті көрінбей, жиегінен ғана «қос жанары мөлдіреп, маған қарай беретін» қыздың жанарынан ештеңе оқи алмайсың. Жұмбақ. Сен кімсің, ару?! Уақыт өте келе оған да бойымыз үйренді. Тіпті, кейіндеп басына орамал тағып, үсті-басын орап алған мектеп оқушылары да көрініс берді. Желбіреген шашына ақ бантик тағатын жаста, орамал таққан оқушылар халық қалаулыларының да көңіліне алаң тудырса керек.

Алаңдайтын-ақ
жағдай

Қоғамда бұл тақырып сөз болғалы көптеген дүниелер айтылып та, жазылып та жатыр. Ата-аналармен, жоғары оқу орындарының студенттерімен өткен кездесулерде орамалдағылардың біразы хиджабты мектептен бастап барлық жерде кию заңды екенін барынша дәлелдеуге тырысқан. Сондықтан «Сізге оқу қажет пе, хиджаб қажет пе?» деген сауалға ойланбастан «хиджаб қажет» деп жауап қатқан. Әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз да «қызымыз хиджаб кимесе, мектепке жібермейміз» деген ата-аналардың қарсылығын байқаймыз. Менің ойымша, бұл құбылыстың астарында бет пен бастың тұмшалануы емес, сананың дамуына жол бермеу жатқан сияқты.

Өйткені, білімсіздік – надандықтың алғашқы қадамы. Иә, қыз бала – болашақ ана. Ұлтты тәрбиелеудің негізі бесіктен басталса, «білімді бол» деп баласына үн қататын болашақ аналардың ойы міне, осы (бәрі емес, әрине). Білім мен ғылымды, мәдениетті дамытып, дамыған елдердің қатарына қосылуды мақсат тұтқан ел үшін бұл алаңдайтын-ақ жағдай.



Сурет әлеуметтік желіден алынды

«Ұлттық мәдениетке
қайшы!»

Жақында Тәжікстан парламенті «Тәжікстан Республикасындағы салт-дәстүрлерді, мерекелер мен әдет-ғұрыптарды реттеу туралы» заңға түзетулер енгізіп, ұлттық мәдениетке қайшы деп есептейтін киімдерді тәжік әйелдеріне киюге тыйым салды. Бірақ бұл киім үлгісі заңда тікелей аталмаған. Тәжікстан билігінің онымен күресудегі көп жылдық тәжірибесін ескере отырып, ең алдымен, әйелдердің мұсылмандық киімдері туралы айтып отыр. Оның үстіне хиджабқа ғана емес, сатрға да тыйым салынған. Заңға сөйкес, қазір Тәжікстанда мұндай киімді елге әкелуге, оны сатуға және қоғамдық орындарда киюге ресми түрде тыйым салынған – бұл айыппұлға әкеп соғады. Бұл тыйымды бұзған тұлғаларға 7920 сомони немесе қазіргі бағам бойынша 733 доллар айыппұл салынуы мүмкін, ал шенеуніктерге 39600 сомони немесе 3668 доллар көлемінде айыппұл салынады. Айта кетерлігі, түзетулерді парламент қоғамдық талқылауға ұсынбай-ақ қабылдаған.

Жасыратыны жоқ, қоғамда екіұдай пікір тудырған хиджаб мәселесі бізде де жылда қозғалады. Десек те, бұл тақырыпқа бір-екі айдан соң нүкте қойылуы мүмкін. Жуырда дін туралы жаңа заңға қоғамдық орындарда діни киім киюге тыйым салынатын нормалар енгізілмек. Күз айында қаралатын құжатқа тиісті өзгерістерді депутат Ермұрат Бапи ұсынбақ.

«Күзде заң енгізіледі. Оны алдымен талқылап барып қабылдаймыз. Ол қабылданғаннан кейін елімізде көптеген мәселелер шешімін табады деп ойлаймын. Әсіресе, мектепке діни киіммен барғысы келетіндерге толығымен тыйым салынады. Мен бұл заң жобасының бастамашыларының бірімін, онда қандай нормалар енгізілгенін білемін, бірақ саяси мәселе болғандықтан, алдын ала айта алмаймын» деген-ді депутат закон.кз тілшісіне.

«Өзіме ұнайды...»

Құранда «Нұр» сүресінің 31-аятында «Мүмін әйелдерге айт, өздеріне харам етілген нәрселерге қарамасын, ұятты жерлерін зинадан, күнә атаулыдан қорғасын, мәжбүр көрінген жерлерінен (бет, екі қол, тобықтан төмен екі аяқ) тыс әдеміліктерін көрсетпесін» делінген.

Әлбетте, қазақ дәстүрінде шарияттан тыс нәрсе жоқ. Қазақ әйелдерінің басынан орамал тастамауында, бүрмелі етек көйлек пен сәукелесін үкілеп тағуында, кимешегін жарастыра киюінде да осы аяттың «өзі» жатыр емес пе?! Қазақ үшін орамал әуелден-ақ қасиетті. Ал иба мен әдепті көрсетуде – қазақтың ұлттық киімі дәлел. Байқасаңыз, арабтың хиджабы – қазақтың кимешегі сияқты. Мұхтар Әуезов «хиджаб» сөзіне «шарияттың шәлісі» деген анықтама беріпті. Ендеше, қазақы дәстүрімізден ауып, өзге елдің киіміне неге әуестеніп барамыз?! Кейде сол бүркемеленудің астарында қазақ жастары басқа ағымның жетегінде жүрген жоқ па деген күдікті ойлар да мазалайды бізді. Бұл киімді біреу желігіп, біреу ерігіп киіп жүрген жоқ па дейсің ондайда. Өйткені, хиджабты намаз оқымайтын қыздар да сән үшін киіп жүргендер бар.

Орайы келгенде мына бір оқиғаны айта кетейін. Осыдан екі жыл бұрын құрбымның Айсұлу есімді қызы мектеп бітірді. Өзі бірін ауызға салғандай сұлу-тын. Сол бойжеткен жоғары оқу орнына түсті. Студент атанды. Бірақ көп уақыт өтпей-ақ әлгі бойжеткеніміз басына орамал салып жүруді әдетке айналдырды. Анасы алғашында «қасындағы қыздарға еліктеп жүрген шығар, қызығы басылғанда тастайды ғой» деп ойлапты. Бірақ... күн өткен сайын әлгі сұлуым орамалға оранды да қалды. Туыстары аң-таң, біз де таң. Бірін-бірі аңдыған заман ғой, бұл көрініс те көптің назарынан тыс қалмады. Айсұлудың орамалы көрші-қолаң, таныс-тамырлардың арасында «пәленшенің қызы орамалға келіпті ғой» деген күбір-күбір әңгімеге желеу болды. Бірде үйге қайтып бара жатып, әлгі қызбен кездесіп қалдым. Көкейдегі сұрақты қоюдың сәті түсіп тұрған соң неге бұлай оранып алғанын сұрадым. Сонда оның «ешқандай жаман пиғыл, арам ой жоқ, жай ғана осылай киіну маған ұнайды» дегені бар.

Жалпы, бұл құбылысты сән деп қабылдап, барлығымыз жер сызған ұзын көйлек пен орамалға орансақ, ұлттық киіміміз хәм ұлттық құндылығымыз босаға сығалап, сыртта қалса қайтеміз?! Өз басым, сол еш себепсіз хиджаб киетін қазіргі жас қыздарға таң қаламын. Бағыда әжем «қыз-ғұмыр қысқа» деп айтып отыратын. Қазір ойлап қарасам, «қыз-ғұмыр» деген мектеп бітіргеннен тұрмысқа шыққанға дейінгі ғана кезең екен ғой. Көпке топырақ шашпаймыз, әрине. Арамызда тұла бойын тұмшаламай-ақ, табиғат берген сұлулығымен заманға сай жарасымды киім киетін қыздар жетерлік. Меніңше, шын мұсылман түсінігінде иман – киіммен өлшенбейді.

Қысқасы, хиджаб мәселесі бүгін-ертең бір шешімге келе қоятын тақырып емес. Сондықтан жұртшылық арасындағы пікір екі бағытта да айтыла береді. Бірінші топ әйелдің сұлулығы орамалға оралса, жат көзінен аулақ болады, сондықтан хиджаб кию мұсылман әйелдеріне тән дейді. Ал екінші жақ, керісінше, хиджабты арабтардың дәстүрлі киімі, сондықтан ол қазақ қыздарының табиғатына келмейді деп есептейді. Ал Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?!

Бетгі әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



КИНОКЕҢІСТІК

ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ТУЫНДЫ

«Талақ» фильмі бас жүлдеге ие болды

Отандық туынды әлемнің үздік 14 фильмін басып озып, бас жүлдеге ие болды. Данияр Саламаттың Ұлттық кино орталығының қолдауымен түсірген «Талақ» фильмі 26-шы халықаралық Шанхай кинофестивалінің (SIFF) толықметражды фильм номинациясының «Алтын кубогын» иеленді. Сондай-ақ, актриса Амира Омарова «Ең үздік әйел рөлі» номинациясы бойынша үздік деп танылды.

Негізі, басында мұндай нәтиже көрсетемін деп ойламадым. Жарыста жеңіске жеткендерді құттықтап, тілек айтып қана қайтамын деген ой болған. Алайда, бас жүлде менің туындыма бұйырыпты, – дейді кинорежиссер Данияр Саламат.

«Талақ» фильмінде басты рөлді танымал актер Ерболат Әлқожа сомдаған. Оның айтуынша, басты кейіпкердің мінезі өзі көптен сомдағысы келіп жүрген рөлге сәйкес келеді.



Сурет: Ерболат Әлқожа. СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ернұр
РЫСБАЙ

Режиссер Данияр Саламат бұл туындысын қазақтың көрнекті жазушысы Бейімбет Майлиннің «Талақ» және «Әже» атты екі шығармасының желісімен түсірген. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша таспаланған картинаға «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» КЕАҚ қолдау көрсеткен. XX ғасырдың 20–30 жылдарын көз алдына әкелетін тарихи көркем фильмде елді күштеп қолхоздастырудың салдары, сол замандағы халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі өзекті мәселелер, әйел бостандығы деген ұранның құрбанына айналған әйел тағдыры суреттеледі.

Айта кетсек, Шанхай фестивалі – «А» класына жататын әлемдегі 10 фестивальдің бірі.

– Бұл фестиваль «А» класындағы өте ірі байқау. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар ғана қатыса алатын кинофестиваль. Тіпті, бізге іріктеудің өзінен өту қиын болды. Бұл кинобайқауға 3300-ге жуық фильм қатысқан. Солардың ішінен 14 фильм үздік деп танылды.

– Біз кинофестивальға 10 күн бұрын бардық. Фестиваль өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Менің фильмдегі рөлім Сарымсақ есімді басты кейіпкер. Мінезі жұмсақ, әлжуаз еркек. Ол кейіпкердің ерекшелігі өте мейірімді әрі нәзік кейіпкер. Өзім көптен бері осындай рөлді сомдағым келіп жүрген. Қытайлық көрермендер мына фильмді көрмеген қазақ болса, ол қазақ емес деп айтты. Осыдан-ақ фильмнің қаншалықты жоғары деңгейде екенін байқай аламыз, – деді актер Е.Әлқожа.

БРИФИНГ



КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Биыл «Алматы кітапханаларының» құрылғанына 40 жыл толып отыр. Осынау жылдар ішінде кітапхана қызметі халыққа адал қызмет етіп, ағартушылықпен қатар, руханияттың дамуына да зор еңбегін сіңірумен келеді. БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен Alatau Creative Hub орталығындағы басқосуда кітапханалардың білім беру үдерісіндегі және қаланың мәдени өміріндегі маңызды кезеңдері әңгімеге арқау болды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы кітапханаларының директоры Мейрам Бектембаев мекеме тарихының негізгі сәттерін тілге тиек етті. Мәселен, кітап қорын заманауи әдебиеттермен толықтырып, кітапханаларды жаңғырту, бірнеше филиалдарды тәулік бойы қызмет көрсету режиміне көшіру, цифрландыру сияқты мәселелерді көпшілік талқысына салды. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі жандардың кітап оқуына жағдай жасау мәселесі де кеңінен сөз болды. Бұл күні журналистер тарапынан қойылған өзекті сұрақтардың да жауабы табылып, қала кітапханаларын дамытуға қатысты өз идеяларын ұсынды.

Қазіргі таңда Алматы кітапханалары Мемлекет басшысының идеяларын белсенді түрде жүзеге асырып, өз сөрелерін әлемдік бестселлерлермен, барлық жастағы оқырмандарының талғамына сай келетін әдебиеттермен толықтырып жатыр. Жалпы, кітап қоры 1 322 904 бірлікті құрайды. Сонымен қатар, оқырмандар тегін интернетке қол жеткізіп, заманауи компьютерлерді кез келген кітапханада

пайдалана алады. Бұған қоса, Алматы кітапханалары мәдениет қайраткерлері мен спортшылардың қатысуымен төрт мыңға жуық түрлі іс-шаралар ұйымдастырды. Сондай-ақ, қала кітапханаларында балалар мен жасөспірімдер үшін шет тілдерін үйренетін үйірмелер, хореография мен вокал, дойбы мен шахмат секциялары бар. Кітапханалар шетелдік әріптестермен де тығыз байланысып, тәжірибе алмасып отырады. Мәселен, қала кітапханаларының қызметкерлері Корея, Германия, Швейцария сынды мемлекеттерде болып, тәжірибеден өтті.

Брифингтен кейін БАҚ өкілдері үшін Алматы кітапханаларының бірнеше филиалдарына арнайы тур ұйымдастырылды. Олардың қатарында №4 тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана, биыл модернизациядан өткен №14 және №39 кітапхана бар. Сондай-ақ, Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханадағы жаңа технологияларды көрсетіп, өзіне-өзі қызмет көрсету, зағип және нашар көретін оқырмандарға арналған құрылғылармен таныстырды.

ТАҒЫМ

ӘКЕ АМАНАТЫН АРДАҚТАҒАН ҰЛ

Осыдан тура алты жылдай уақыт бұрын «Алматы ақшамы» газетінде (27.12.2018) «Тәшеневтер әулетінің текті ұрпағы» атты мақала жариялап, онда 1955–1960 жылдары Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы, 1960–1961 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған және осы қызметінде жүріп қасиетті қазақ жерінің тұтастығы үшін жан алысып, жан беріскен алаштың ардақты ұлдарының бірі – Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің отбасы мен оның ең кіші ұлы – Мұрат Жұмабекұлы Тәшеневтің туралы баяндап едік.

Мақала ол кезде мерейтойына қатысты шыққан еді. Өйткені, Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің кіші ұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры, тарих ғылымының докторы, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері Мұрат Жұмабекұлы 70 жасқа толып, газет арқылы асылдың сынығы, тұлпардың тұяғындай болған мерейтой иесінің мерейін асқақтатып едік.

Енді міне, осы газет арқылы тағы бір мақала жазуға тура келіп тұр. Бірақ өкінішке қарай, бұл мақала тағзым ету орайында болып тұр. Осыдан шамамен 40 күндей бұрын кенеттен келген ажал ортамыздан Мұрат Жұмабекұлы Тәшеневті алып кетіп еді.

Мұрат Жұмабекұлы 1948 жылы 17 желтоқсан күні Петропавл қаласында, сол кездегі Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы Жұмабек Ахметұлы Тәшенев пен орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бәтес апайдың отбасында төртінші ұл болып дүниеге келеді.

Мұрат Жұмабекұлы отбасындағы ұлдардың кенжесі болғандықтан, екі мүшел жасқа дейін ата-ананың қолында болады. 1966 жылы Шымкент қаласындағы орта мектепті бітіріп, қаладағы педагогикалық институттың Тарих факультетіне оқуға түседі.

1971 жылы оны ойдағыдай тәмамдап, Шымкенттегі мәдениет институтының КСРО тарихы кафедрасына зерттеуші – тағылымгер болып орналасады. Мұрат Жұмабекұлы үшін өмірдегі темірқазықтай мықты ұстанымы – халқының өнегелі тұлғасына айналған әкесінің саналы да ғибратты өмірі мен адал атқарған қызметі, жігерлігі мен патриоттық рухы, ел мен жер үшін аянбас жанқиярлық жолы болды. Әкенің өмірі ұлына үлкен мектеп бола білді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» дегендей, отбасында алған тәрбиені, адами қасиеттердің ең асылы – адалдық, әдептілік, тазалық, парасаттылық, безаттық пен тектілік сияқты қасиеттерді отбасында бойына сіңіріп, өмір бойы есінен шығармай, соларды сақтап өтті.

Мұрат Жұмабекұлы 1973 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің (бұрынғы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) Қазақ КСР тарихы кафедрасының аспирантурасына қабылданады. Сол кезден кешегі қайтқан күнге дейін оның өмірі тек бір ғана ғылыми-педагогикалық мекемеде – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде өтті. Оның өмір жолының кезеңдерін қысқаша былайша көрсетуге болады. Ол кандидаттық



диссертациясын сәтті қорғағаннан кейін Тарих факультетіндегі «КСРО тарихы» кафедрасында – ассистент, 1978 жылы – аға оқытушы, 1981 жылы – доцент қызметтерін атқарады. 1997 жылы Мәскеуде докторлық диссертациясын қорғайды да, 1999 жылы профессор атағын иеленеді.

Мұрат Жұмабекұлы 1985 жылдан бері білсем де, онымен тек 1990 жылдардан бастап жақын араласа бастадым. Оның сыртқы болмысынан-ақ сол кездің өзінде одан ерекше бір, тек өзіне ғана тән қасиеттер көрініп тұратын. Оның киім киісі мен жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері мен жүзіндегі жыммысы, бәрі-бәрі бір безаттықты байқататын. Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында алғаш рет бейресми басылымдарда, одан кейін ресми акпарат құралдарында оның әкесі – Жұмабек Тәшеневтің солтүстік өңірдегі қазақ жерлерін қалай сақтап қалғандығы жөнінде

материалдар жариялана бастаған кез болатын. Бірнеше материалдарды оқып алғаннан кейін, Жұмабек Тәшеневтің тарихи бейнесі көз алдыма XX ғасырдың Алпамысы мен Қобыландысындай елестеді. Бүкіл әлемді тітірентіп отырған КСРО секілді алып мемлекеттің басшысы, сонымен бірге Сталиннің жеке басына табынушылығын сынға алып, оның ондаған жылдар бойы сенімді серіктері болған Л.Берияны, Г.М.Маленковты, В.Молотовты жоғары биліктің саяси аренасынан ығыстырған Н.С.Хрущевтан ыға қоймай, оның қазақ жерлеріне қатысты саясатына қасқайып қарсы тұрған Жұмабек Тәшенев болса, оның ұлы тарих ғылымының докторы, профессор Мұрат Жұмабекұлы осыған қатысты неге жазбай жүр деген оймен бірнеше сұрақтар қойдым. Сонда оның айтқан жауабы әлі есімде тұр. «...Әкеміздің не істегенін біз ұлдары білеміз, бірақ бізге айтуға болмайды. Біз айтсақ мақтанғандық болады. Ол туралы, Берекет, сендер айтындар, жазындар. Бүкіл халық білуі тиіс...», – деп еді.

Тек осы жауаптан ғана бірталай мәселені аңғаруға болады. Бір жағынан әкенің беделін ортаға салып, бұлданбау болса, екінші жағынан, әкесінің ісі арқылы мақтанбау еді. Тіпті, сол кезеңдегі арнайы қызмет ұйымы адамдарының қатаң ескертулері мен бақылауларының салқыны да тиген болу керек. Осындай қасиеттері үшін профессор Мұрат Жұмабекұлы ортасы мен әріптестері, студенттер мен шәкірттері өте жоғары құрмет тұтты.

Мұрат Жұмабекұлы өзінің өмірлік адал серігі Фатима Садыққызы екеуі Белла есімді қыз есіріп, тәрбиеледі. Бүгінде ол медицина ғылымының кандидаты, кардиохирургия саласындағы жетекші маман. Белла қарындасымыз да атасы салған, әкесі жалғастырған жолмен келе жатыр. Бұл дәстүрді Тәшеневтер әулетінің келесі буын өкілдері одан әрі жалғастыра беретініне сеніміміз мол.

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы



ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа төзбейміз

Жуырда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының құқығын қорғауды күшейтуге және зорлық-зомбылықтың алдын алудың тиімді тетіктерін құруға бағытталған жаңа заң қабылданғаны мәлім. Бұл заң қалай жүзеге асырылады, қалай жұмыс істейді? Осы жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында брифинг өтті.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Спикерлердің сөзіне сүйенсек, аталған заңның негізгі ережелері зорлық-зомбылықтың алдын алу және өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды қолдау бөлігінде орталық атқарушы органдарға зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке немесе қорқытуға ұшыраған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеуге өкілеттік беру сияқты нормаларды қамтиды. Сондай-ақ, білім беру мекемелеріне кәмелетке толмағандарға қатысты құқыққа қайшы әрекеттерді анықтау және болдырмау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен оқушылар мен тәрбиеленушілерге заң шеңберінде алғашқы психологиялық көмек көрсету бойынша өкілеттіктер беріледі.

«Біз жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарға әрекет ету және тергеу алгоритмін әзірледік. Өмірлік қиын жағдайға тап болған



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

отбасыларды анықтау бойынша ведомствоаралық мобильді топтар құрылды, олардың шеңберінде біз, әсіресе, балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларын анықтауға баса назар аударамыз. Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандар мәселесіне әрекет ету алгоритмі пысықталды», – деді Алматы қаласы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Айтан Елеусізов

Отбасылық зорлық-зомбылық – Алматыдағы ең өткір әлеуметтік проблемалардың бірі. Сондықтан биыл отбасындағы тұрмыс-

тық зорлық-зомбылықтың алдын алуға алматылық полицейлер басымдық беріп отыр.

«Осы жылдың алғашқы бес айында Алматыда отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында 23 қылмыс тіркелді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 95%-ға айтарлықтай төмендеу, бұл қабылданған іс-шаралардың оң нәтижесін көрсетіп отыр», – деді Айтан Елеусізов.

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында бұзушылықтарға жол беретін адамдарға қатысты профилактикалық ықпал етудің негізгі шараларының бірі

профилактикалық есепке қою және жеке-профилактикалық жұмыс жүргізу, алко-голизмнен мәжбүрлеп емдеуге жіберу болып табылады.

ӨКҚ спикері ағымдағы кезеңде профилактикалық есепке 3717 адам қойылғанын, оның ішінде 3279-ына қорғау ұйғарымы шығарылғанын және 438 адамның құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленгенін атап өтті. Мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемесіне ағымдағы кезеңде 90 адам мәжбүрлеп емдеуге жіберілді. Алматыда отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарын уақытша паналататын, оларға моральдық-психологиялық көмек беретін дағдарыс орталықтары жұмыс істейді.

«Қазақстанда 40-тан астам дағдарыс орталығы бар. Алматы қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек пен қолдау көрсететін 50 орынға арналған «Жан-Сая» мемлекеттік коммуналдық мекемесі жұмыс істеп тұр. Өкінішке қарай, бүгінде елімізде әрбір алтыншы бала зорлық-зомбылықтың куәсі болып отыр. Бұл оқу-ағарту министрлігіне шұғыл түрде ғылыми ұстанымдарға негізделген оңалту бағдарламасын әзірлеу қажет екенін көрсетеді», – деді «Дағдарыс орталықтары одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы Зульфия Байсакова.

Мемлекет тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын әлеуметтендіруге жеткілікті қаражат бөледі, жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі, жәбірленушінің болашақта жұмысқа орналасуы және ішінара жұмыспен қамтылуы үшін кәсіби бастапқы дағдыларды қалыптастыратын түрлі іс-шаралар өткізеді.

«Егер сіз қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың куәсі болсаңыз, дереу хабар беріңіз. Аты-жөніңіз құпия сақталады. Түскен ақпаратты жедел жұмыс істейтін құқық қорғау органдарына жібереміз. Айналамыздағы адамдардың, балалардың тағдырына бей-жай қарамайық дегім келеді. Зорлық-зомбылықтың куәсі болған кез келген адам күні-түні қосулы 8 771 450 34 50 WhatsApp сенім телефонына хабарласа алады. Кеңес алуға болады. Барлық қызмет тегін», – деді Зульфия Байсакова.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандар енді қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болды. Әрине, біз қоғам болып мұндай жазаның болатынына қуанып жатырмыз. Өйткені, отбасындағы жанжал, үру-соғу, тіпті кісі өлімі көз алдымызда үйреншікті жағдайға айналып бара жатқандай. Әрине, «ештен кеш жақсы» деген. Бәлкім, бұл заң сәл ертерек қабылданғанда, біраз жанға араша болар ма едік? Кім білсін? Дегенмен, мына қабылданған заңды әлі де орнымен қолдансақ, жөнсіз әрекетке жол берілмесі анық. Оның үстіне өзіміздің де құқықтық, заңдылық тұрғыдан көзіміз ашылғандай. Бұдан былай отбасын ойрандаған оспадарлар заңмен жауапқа тартылатынын әйел мен баланың құқығын қорғайтын заң шегелеп, айшықтап берді. Енді «құдай салды, мен көңдімнің» ауылы алыстаған сыңайлы. Дегенмен, қоғамда әлі де заңды белінен басып, қолынан келсе, қырғын салғысы келетіндер өріп жүр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұған дәлел – өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдардың «111» нөміріне жиі хабарласа бастауы. Шұғыл нөмірге хабарласқандардың дені «жанымға жара салған адамның асқан қатыгездігін туысыма айтсам, табалайды, бауырыма айтсам, сарыуайымға салынады. Тілсіз темір ғана менің жанымды түсінеді», – дегенге саяды екен. Осылайша өз-өзімен сөйлесіп, темірден жылылық іздеген әйелдер саны біз ойлағаннан да көп болуы бек мүмкін. Өйткені, қоғамда күші әйелге ғана жететін, Абайша айтқанда, «түзде мырзаң, үйде сырдаң» еркексымақтар толып жүр емес пе? Дегенмен, жібекті жүн қылған ессіз еркектердің бұдан былай түзеліп кетуіне кепілдік бар ма? Марқұм Көпен Әмірбек ағамыз «өз-өзімен сөйлескен әйелден қорқамын» деп жиі айтушы еді. Әйел неліктен өзімен-өзі сөйлеседі?.. Оның жанын ұғатын, ұғынатын кімі бар?

ҚАШАНҒЫ ҮНСІЗ ЖҮРЕМІЗ?



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Біз тұратын ықшамауданда жап-жас келіншек көкөніс сатады. Өзі отбасымен осындағы көпқабатты үйдің бірінде пәтер жалдап тұрады. Өлгі келіншектің бет-аузы екі күннің бірінде көкала қойдай болып жүргені. Тіпті, сауда жасап тұрып, қарауға дәтің шыдамайды екен. Келіншектің күйеуі өзінен ересек, бірнеше жас үлкендігі бар. Сырттай қарағанда, байыпты, салмақты көрінеді. Тап-таза киініп жүретін жігіттің көршілермен де сәлемі түзу. Бес баласы бар. Сонда мұны не жын ұрды екен дерсіз. Ішімдік ішіп, темекі шеккенін және көрген емеспіз.

Ақыры кезекті отбасылық жанжал кезінде көршінің бірі полиция шақырып жіберсе керек. Сол көрініс көз алдыма келсе, әлі күнге жүрегім шаншиды. Сау тамтығы қалмаған сорлы келіншек «өзім құлап қалдым» деп қарап тұр. Мұнысын қалай түсінуге болады? Дұрыс, әркім өз отбасын сақтауға міндетті. Бірақ адам отбасын дәл осылай сақтай ма екен? «Отасының» қолы қате тиіп, жазым етсе ше? Бұл бір мысал. Ал жаппай әйелін сабап жарысып

жатқан «жұлдыздар» ше... Дегенмен, елге танымал, біз идеал санап жүрген азаматтардың осынау топтан көрінгені өте өкінішті.

Қазіргі кезде қоғамда, шағын ортада болсын керілдесіп, кері пікірлер де айтылып жатыр. Олардың біразы әйелдерді кінәласа, арасында әйелдерді тілдейтін нәзікжандылар да бар. Әсіресе, түсінігі төмен еркектердің «аюға намаз үйреткен таяқ». Тыңдамаған әйел таяқ жемегенде не жейді?» деген уәжіне не айтарсыз? Жалпы, осындай пікірлерге не айтуға болады?

Еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы құлақтандыруды арттыруды, құқық қорғау және сот органдарының қызметкерлерін оқытуды, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдарды қолдау тетіктерін құрып, жалпы осы заңды қолдану бойынша жұмсалатын күш-жігерді жалғастыруға әрбіріміз атсалысуға тиіспіз. Келеңсіз жағдайға кез келсеңіз, үнсіз қалмаңыз! Сіз бір адамның өмірін құтқарасыз!



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

СҰХБАТ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Биыл ақпан айынан бастап «Ерекше балалардың ата-аналары одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Балаларға күндізгі күтім көрсету қызметтері» психикалық ауруының ұзаққа созылған түрлерімен ауыратын 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға» арналған әлеуметтік жобасын жүзеге асыра бастады. Дегенмен, әлі де қала тұрғындары аталмыш жобадан құлағдар емес. Біз Ерекше балалары бар ата-аналар одағының жетекшісі Рауан Сағадиеваға жолығып, орталықтың тыныс-тіршілігі туралы ақпарат алған едік.



– Рауан Бақтыбекқызы, алдымен аталмыш жобамен таныстырып, оның міндеті туралы айтып берсеңіз...

– Бұл жоба негізінен жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылып отыр. Қаламыздағы мүмкіндігі шектеулі балаларға тегін қызмет түрлерін көрсетеді. Бүгінгі таңда 3 пен 18 жас аралығындағы әртүрлі диагнозбен ауыратын 50 балаға күндізгі күтім қызметі көрсетіліп жатыр. Психикасының дамуы ауыр, тежелген және психикалық аурудың ұзаққа созылған түрі бар балаларға арналған жартылай стационар жағдайында әлеуметтік қызметтер осы санаттағы адамдардың өмір сүру сапасын жан-жақты қолдауға, дамытуға, және жақсартуға бағытталған. Орталықтың басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балалардың жаңа өмір жағдайларына психологиялық бейімделуі үшін көмектесіп, даму динамикасын, өмір сүру сапасын жақсарту және қоғамға одан әрі тиімді

интеграциялау үшін өзін-өзі күту дағдыларын және оңалту бағдарламаларының кешенін үйрету болып табылады.

– Аталмыш ұйым қашан ашылды? Мұндағы көрсетілетін қызмет түрлері ақылы ма?

– Бұл ұйымның толық атауы «Ерекше балалардың ата-аналар одағы». 2022 жылғы 24 мамырда құрылған еді. Біздің ұйымның бас кеңсесі Алматы қаласында орналасқан, республикалық қоғамдық ұйым ретінде еліміздің 20 қаласында филиалдары жұмыс істеп жатыр. Биыл Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында конкурсқа қатысып, ақпан айынан бастап қызмет көрсете бастадық. Сонымен қатар, аталған қызмет түрлері мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында болғандықтан, ата-аналар балаларын орталыққа тегін бере алады. Әр

бала үшін қаржыландыру мәселесі мемлекет тарапынан шешімін тапқан.

– Айтыңызшы, мекемеге хабарласып, қызмет алу үшін қалалық тіркеудің болуы міндетті ме? Бәріне бірдей қолжетімді ме?

– Әрине, Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы қаржыландырып отырғандықтан, қалалық тіркеу міндетті түрде болуы керек. Өкінішке қарай, жалпыға бірдей қолжетімді емес. Неге десеңіз, атаулы қызмет тек мүгедектігі бар 3 және 18 жас аралығындағы балаларға арналған. Сонымен қатар, баланың жеке оңалту бағдарламасында «күндізгі күтім орталығы (центр дневного пребывания)» деген жазба міндетті түрде болуға тиіс. Яғни баланың мүгедектік психо-неврологиялық диагнозы болуы керек. Егер балада басқа диагнозы (ДЦП, нарушение зрения, слуха, т.б.)

болса, онда қабылдай алмаймыз.

– Өмір болған соң, түрлі тағдыр болады. Егер осында баласын орналастырғысы келетін жандар болса, қайда хабарласуға болады?

– Алдымен орталыққа тіркелу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) құжаттарды тапсырып, аталмыш орталықтың атауын, яғни «Ерекше балалар ата-аналары одағы» РҚБ күндізгі күтім орталығы» деп көрсету керек. Орталықтың жұмыс уақыты: күнделікті сағат 8.30 – 14.30 аралығында. Орталық 2-ықшамаудан, 54-үй, №2 қалалық балалар ауруханасының территориясындағы Консультативті-диагностикалық педиатриялық орталық ғимаратында орналасқан. Толық ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 707 532 09 64.

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайта отырып, Алматы 2-ЖЭО-ын жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде «Уақытша бетон араластырғыш қондырғысын (БАК) салу» жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің (ҚОКБ) материалдары бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылдың 10 шілдесінен бастап 5 жұмыс күні ішінде, www.ecoportal.kz бірыңғай экологиялық порталда өткізіледі.

Жобаны әзірлеуші: «Фирма «АҚ-ҚӨНІЛ» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Ө.Молдағұлова көшесі, 32-үй, 249-пәтер, БСН 930140000145, байланыстағы тұлға: Бахтигузина Альбина, e-mail: AIZ.ASKAROVNA@MAIL.RU, 8 777 597 25 02.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-04-73.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен www.ecoportal.kz, бірыңғай экологиялық порталда және Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы сайтында www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article?activities=38378&lang=ru «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

Сіздерді VIP терминалының тарих мұражайының жобасын талқылауға шақырамыз!

Күні: 5 шілде 2024 жыл, сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін. Орналасқан жері: «InterContinental Almaty» қонақүйі, Желтоқсан көшесі, 181. Іс-шарада VIP-терминал тарихының жаңа мұражайының жобасы ұсынылып, оның дамуының кәзіргі жағдайы туралы ақпарат беріледі. Қатысушылар Алматы әуежайының өкілдеріне және көрме қатысушыларына сұрақтар қойып, өз пікірлерімен бөлісе алады.

Келе алмайтындар үшін:

- Консультация материалдары Алматы әуежайының <https://alairport.com/ru-RU/passenger-guide-ru/terminal-construction-ru/page/conceptual-projects-ru> сайтында іс-шара аяқталғаннан кейін екі апта ішінде қолжетімді болады. Сондай-ақ, біз қуана қабылдаймыз:
- VIP терминалға қатысты тарихи материалдар.
- VIP терминалға қатысты жеке әңгімелер.
- Кез келген сұрақтар бойынша:
- Мария Поздняковаға +7 708 115 05 14 хабарласыңыз.
- Іс-шараға мүмкіндігі шектеулі адамдар қатыса алады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы, Әскери кеңесі, Ардагерлер кеңесі және барлық жеке құрамы қолбасшы, генерал-майор Талапкер Қыдырұлы Әміреевке анасы

Зарлық НАМАЗБЕКҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ЖАС ҚОЗЫЛАР МАРҚАЙДЫ...»

Аптап ыстығы мен аңызак желі бар «Шілде» амалы жүріп жатыр. 40 күнге созылатын 40 градустық аптап алғашқы күннен бастап-ақ төңірегін қуырып жіберді

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ
Шілде айына арналған жорамал:

- * Таңертең шөп басы құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады;
- * Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады;
- * Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы жақсарады;
- * Көлмектен тұнба иіс мұңкісе, өткініші жауыннан кейін кемпірқосақ солтүстіктен оңтүстікке тартылып, қанық қызыл түске боялса – жаңбыр жауады.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«...Жапырақтар жалпайды,
Жас қозылар марқайды...», –

деп басталатын табиғат жыршысы Ілияс ақынның (Жансүгіров) «Жазғы шілде» деген өлеңі жазылған кез міне, осы уақыт. Шілде өте ыстық ай, оның ыстығы 40 градусқа жететін болғандықтан әрі 40 күнге созылатындықтан, бұрынғылар «қырық күн шілде» деп атаған.

Маусым айы мәресіне жетіп, шілде айы басталады. Ал «Шілде» амалының басталғанына бүгін жетінші күн. Бабалардың болжамдарына сүйенсек, жаздың екінші айының да жауын-шашынды болатын түрі бар. Аспан әлемі түйдектелген бұлыңғыр бұлттан арылмай-ақ қойды... Бірақ күннің ысуы да қабаттаса жүруде. Күн бұлттанса, артынша жаңбыр жауады. Жауын тоқтасымен күн қайта жадырап, нұрын шашып шыға келеді. Алматының аспаны мен ауа райы осылайша құбылып тұр.

Жаз жауын-шашынды, найзағайлы болып, ауа райы тұрақты қалпына әлі де түсер емес. Күн көкжиектен көтеріле бере қазбауыр бұлттар Алатаудың басына бір жерге жиналып, жинақталады. Түбіттей аппақ келбетін қара күрең түске ендіріп, сосын «шабуылға» шығады. Аспан күркіреп, найзағай жарқылдап, нөсер жаңбыр шелектеп құяды. Осындай құбылыс «Шілде» амалы басталардан екі-үш күн бұрын көрініс беріп, әлі тоқтай алмай келеді.

Тау бөктерлері мен шатқалдарын салқын самал еншілеген. Түнге қарай, тіпті салқындап, көктемнің адуынды алғашқы күндерін еске түсіреді.

Егер өткен кездермен салыстыратын болсақ, осындай жағдай осыдан екі жыл бұрын орын алыпты. Қазақы пайымның жылнамасына көз жүгіртер болсақ, «2022 жылдың 24 маусымында екінді кезінде екпіндете басталған нөсер алматылықтардың есін шығарды... «Жаңбыр суы қала көшелерін басып қалды, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ тілшісі. Күн күркіреп, найзағай ойнады. Бейнежазбалардың

бірінде алматылықтың жаңбыр суында жүзіп жүргенін көруге болады. Ал екіншісінде су адамдардың белінен келіп тұр. Қала тұрғындары көшеде троллейбустан өрт шыққанын да таспалап алған. Бұл жұмыстарға жалпы саны 682 адамнан тұратын мобильді бригадалар, 245 арнайы техника мен 24 мотопомпа жұмылдырылды...» деп жазыппыз.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, шілденің 2-сі, ай бойынша, – 25-і, қазақы есепке салсақ, маусым айының бітуіне әлі 12 күн бар. Апта айдың басын, ортасы мен соңын түгел қамтып тұр. Аспан денелерінің білдіруінше, осы аптада жаңбыр мен қатар күн де ысыған үстіне ыси беретін сынайлы. Нағыз жаз айы енді басталатын болар шамасы...

Маусым айының 26-шы жұлдызынан тамыз айының 5 жұлдызына дейін ауа райы өте ыстық болады. Иә, бұл болжам бойынша, қазақы пайым осылай дейді. Ал шын мәнінде әлі аспан толық әрі тұрақты ашылар емес, жаңбыр басылар емес...

МӘДЕНИЕТ

«СЕУЛ ҒАЖАЙЫПТАРЫ» –
АЛМАТЫ МУЗЕЙІНДЕ

Алматы музейінде Оңтүстік Корея астанасы – Сеул тарихы музейінің «Сеул ғажайыптары» көрмесі ашылды. Мұндай көрме елімізде алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА


Алматы музейінде биылғы 20 тамызға дейін тұратын «Сеул ғажайыптары» Оңтүстік Корея астанасының тарихы мен мәдениетін, дәстүрлі мұрасын көрсетеді. Көрмеге Сеул қаласы тарихы музейі қорынан алынған қаланың мәдениеті мен тарихы мұрасын бейнелейтін 100-ден астам бірегей экспонаттар, корей халқының дәстүрлі киімдері, тұрмыстық заттары және құнды дерек кітаптары, т.б. қойылған. Сондай-ақ, экспозицияда Корея елін XIV ғасырдан XIX ғасырға дейін басқарған Чосон әулетінің тұтынған заттары бар.

Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына орай, 2022 жылы желтоқсанда Сеул қаласында Алматы музейінің ұйымдастыруымен «Ұлы дала жауһарлары» атты көрме өткен болатын. Ол Корея жерінде екі айға созылып, жергілікті БАҚ-та біздің шаһарда сақталған ұлттық жәдігерлеріміз туралы 44 мақала жарияланып, 100 мың қаралым жинаған. Бұл көрсеткіштер біз үшін үлкен жетістік. Сеул жұрты және оған саяхаттап келген талай турист біз туралы хабардар болды деген сөз.

Сол сапарда музейаралық ынтымақтастық аясында, қос музей арасындағы келіссөздер барысында Алматы музейінде Сеул тарихы музейінің көрмесін өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілген болатын.

Корея Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Пак Нэчон де «Сеул ғажайыптары» көрмесінің ашылуы екі мемлекет арасындағы жарқын іс-шаралардың бірі болып табылатынын атап өтті.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.